

## 2021 жылы Республикалық іс-шараларды өткізу кестесі

№	Іс-шаралардың атауы	Қатысушылар саны	Өтінімдерді қабылдау	Өткізу мерзімі	Жауапты
<b>1 жарты жылдық</b>					
1	«Мамандықтар әлемін ашамыз» республикалық форумы	170 (10 білім алушыдан)	5 наурызға дейін	наурыз	Махамбетова Г.Д. 877548178 99 8 708 174 35 87
2	Балалар музыка мектептерінің және өнер мектептерінің білім алушылары – жас музыканттардың республикалық фестиваль-байқауы	663 адам (306 солистер: өңірлерден 18 білім алушы; музыкалық ұжымдарда 357 адам: 21 білім алушыдан)	20 наурызға дейін	сәуір	Маметова С.С. 87011273752.
3	«Алау» әскери-спорттық ойынының республикалық финалы	170 (10 білім алушыдан)	01.04 дейін	сәуір	Хамзина Г.С., 87784969991
4	«Қазақстан балалары шексіз әлемде!» балалар кино шығармашылығының республикалық фестивалі	170 (10 білім алушыдан)	23.04 дейін	мамыр	Нурланова А.Е 8 778 936 34 06
5	«Алтын Қазына» көркем және сәндік-қолданбалы балалар шығармашылығының республикалық көрме-байқауы	136 (8 білім алушыдан)	30.04 дейін	мамыр	Нурланова А.Е. 8 778 936 34 06
6	«Менің Отаным – менің бастамам» республикалық шығармашылық жобалар байқауы	170 (10 білім алушыдан)	14.05 дейін	маусым	Хамзина Г.С. 87784969991
7	«Табиғатты аяла» жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің республикалық форумы	170 (10 білім алушыдан)	17.05 дейін	маусым	Айтжанова Б.Б 8 702 358 86 96.
8	Техникалық шығармашылық және өнертапқыштардың (әуе, зымыран, көлік, кеме құрастыру) республикалық жарысы	170 (10 білім алушыдан)	10 мамырға дейін	маусым	Нурханова А.Б. 8 775 522 11 19
9	«Ақ шағала» республикалық хореографиялық фестиваль-байқауы	153 (9 білім алушыдан)	12 сәуірге дейін	сәуір	Маметова С.С. 87011273752.

## 2 жарты жылдық

10	«Менің Отаным – Қазақстан» туристік экспедициялық жасақтарының республикалық слеті	170 (10 білім алушыдан)	06.09 дейін	қыркүйек	Айтжанова Б.Б. 8 702 358 86 96
11	«Театрдың ғажайып әлемі» театр өнерінің республикалық фестиваль-байқауы	153 (9 білім алушыдан)	27.09 дейін	қазан	Маметова С.С. 87011273752.
12	«Бояулар құпиясы» жас суретшілердің республикалық байқауы	136 (8 білім алушыдан)	1 қазанға дейін	қазан	Маметова С.С. 8 7011273752.
13	«Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» инновациялық идеялардың республикалық байқауы	170 (10 білім алушыдан)	4 қазанға дейін	қазан	Құрмашев Д.М. 8 778 856 49 88

## Қосымша 2

### Балалар музыка мектептері мен өнер мектептерінде оқитын жас музыканттардың республикалық фестиваль-байқауын өткізу ережесі

#### 1. Жалпы ережелер

1. Балалар музыка мектептері мен өнер мектептері оқушыларының –жас музыканттардың республикалық фестиваль-байқауын (бұдан әрі – Фестиваль-байқау) өткізу ережесі оны өткізудің мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты: музыкалық дарынды білім алушыларды, дарынды балалар ұжымдарын дамыту және қолдау, олардың шығармашылық белсенділігін, кәсіби бағдарлануын ынталандыру.

#### 3. Міндеттері:

жас музыканттардың эстетикалық, гуманистік және патриоттық сезімдерін, әлемдік және отандық көркем мәдениет дәстүрлеріне жеке қызығушылығын тәрбиелеу;

әр түрлі музыкалық аспаптарда балалардың орындаушылығын танымал ету, музыкалаудың ұжымдық нысандарын дамыту және жетілдіру, білім алушылардың өзін-өзі жүзеге асыруы, қоғамдық тануы үшін мүмкіндіктерін кеңейту;

Балалар музыка мектептерін және балалар өнер мектептерін дамыту, олардың білім алушы тұлғасын тәрбиелеудегі, оқытудағы және шығармашылық дамытудағы рөлін арттыру;

республикада музыкалық-педагогикалық білім беру сапасын арттыру.

4. Фестиваль-байқауы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігінің тапсырмасы бойынша Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы қашықтықтан өткізеді.

5. Қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын фестиваль-байқауының ұйымдастырушылары қалыптастырады.

## **2. Фестиваль-байқауды өткізу мерзімі мен тәртібі**

6. Облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары басшыларының қолы қойылған Фестиваль-байқауға қатысу туралы ілеспе хат **2021 жылғы 20 наурызға** дейін [konkurs.muz@mail.ru](mailto:konkurs.muz@mail.ru) электронды поштасына қабылданады.

Хатқа қоса тіркеледі:

1) Фестиваль-байқаудың облыстық, қалалық (Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент) кезеңінің жеңімпаздарына республикалық Фестиваль-байқауға қатысуға өтінім, қатысушылар туралы мәліметтер (Т.А.Ә., туған жылы, сыныбы, курсы, оқу орны, үйінің мекен-жайы және білім беру ұйымының мекен-жайы, телефоны);

2) қатысушылардың жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

3) <http://www.youtube.com> каналында орналастырылған бейнематериалға сілтеме.

7. Фестиваль-байқаудың қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары, қатысушылардың сертификаттары, жеңімпаздар жетекшілерінің алғыс хаттары [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында **2020 жылғы 16 сәуірде** орналастырылады.

## **3. Фестиваль-байқауға қатысушылар**

8. Фестиваль-байқауға балалар музыка мектептерінің және балалар өнер мектептерінің дербес, сондай-ақ сарайлар, оқушылар үйлері жанындағы, ішекті-ысқылы, үрмелі және соқпалы аспаптар сыныбы бойынша білім алушылары қатысады.

9. Қатысушылардың жалпы саны – **663 адам (өңірден 39 білім алушыдан: 18 солист, бір музыкалық ұжым – 21 білім алушы немесе екі музыкалық ұжым-екі музыкалық ұжымда да жалпы саны 21 білім алушы).**

## **4. Фестиваль-байқаудың шарттары мен тәртібі**

10. Фестиваль-байқаудың іріктеу кезеңдері:

1) бірінші кезең (іріктеу) – өңірлік:

аудандық (қалалық);

облыстық, Нұр-сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары.

2) екінші кезең (қорытынды) – республикалық Фестиваль-конкурс.

11. Фестиваль- байқаудың бірінші (іріктеу) кезеңін өткізу мерзімі облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының аудандық (қалалық) бөлімдері мен білім басқармалары басшыларының бұйрықтарымен айқындалады.

12. Ішекті-ыспалы аспаптар оқушыларының республикалық Фестиваль-байқауы келесі жас санаттары бойынша өткізіледі:

1) кіші жас тобы-10 жасқа дейін (9 жасты қоса алғанда);

2) орта жас тобы – 10 жастан 13 жасқа дейін (12 жасты қоса алғанда);

3) жоғары жас тобы – 13 жастан 18 жасқа дейін (17 жасты қоса алғанда).

**Үрмелі және ұрмалы аспаптар сыныбы бойынша білім алушылар үшін:**

1) кіші жас тобы-11 жасқа дейін (10 жасты қоса алғанда);

- 2) орта жас тобы – 11 жастан 14 жасқа дейін (13 жасты қоса алғанда);
- 3) жоғары жас тобы – 14 жастан 18 жасқа дейін (17 жасты қоса алғанда).

**Қатысушылардың жасы ағымдағы жылдың 1 наурызындағы жағдай бойынша анықталады.**

13. Кіші жас тобындағы Ішекті-Қияқты аспаптар номинациясындағы қатысушыларға қойылатын конкурстық бағдарламалық талаптар музыка мектебінің V сыныбындағы, орта жас тобында – VI сыныптан төмен емес, жоғары жас тобында – VII сыныптан төмен емес білім алушыларға қойылатын бағдарламалық талаптардан төмен болмауы тиіс.

14. Кіші жас тобындағы үрмелі және соқпалы аспаптар номинациясындағы қатысушыларға қойылатын конкурстық бағдарламалық талаптар музыка мектебінің III сынып оқушыларына, орта жас тобында – IV сыныптан төмен емес, жоғары жас тобында – V сыныптан төмен емес оқушыларға қойылатын бағдарламалық талаптардан төмен болмауы тиіс.

15. Фестиваль-байқаудың музыкалық ұжымның (ұжымдардың) құрамында жоғары сынып оқушылары қатысады. Музыкалық ұжымның құрамында дирижер немесе концертмейстер ретінде **1 педагогтың қатысуына** жол беріледі.

16. Білім басқармасының Фестиваль-байқау ұйымдастырушыларына <http://www.youtube.com> арнада орналастырылған бейнематериалдарға сілтемелер [konkurs.muz@mail.ru](mailto:konkurs.muz@mail.ru) электрондық поштаға бейне сапалы, бір роликпен тоқтаусыз жазылған жіберіледі. Өртүрлі, әр жерден «кесуге, ұрлауға» жол берілмейді. Бұрын сапалы түрде жазылған дайын бейнені тоқтаусыз бір роликпен пайдалануға рұқсат етіледі. **Әр түрлі қойылымдардың «кесінділері» қарастырылмайды.**

Байқау бейнежазбасында сыртқы микрофонды аудио-сигналды өңдеусіз пайдалануға болады.

17. Фестиваль-байқауды кәсіби қазылар алқасы 10 балдық жүйе бойынша бағалайды. Қазылар алқасының шешімі хаттамамен ресімделеді.

## **5. Фестиваль-байқауды қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау**

18. Фестиваль-байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды. Жеңімпаздар гран-при, I, II, III дәрежелі дипломдармен және сыйлықтармен, ал жеңімпаздардың жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады. Фестиваль-байқаудың барлық қатысушыларына қатысқаны туралы сертификаттар беріледі.

Сондай-ақ, «ішекті-ыспалы аспаптар сыныбы бойынша Үздік солист», «үрмелі және ұрмалы аспаптар сыныбы бойынша Үздік солист», «ішекті-ысқылы аспаптардың үздік ансамблі», «Үрмелі және ұрмалы аспаптардың үздік ансамблі» номинациялары бойынша қосымша марапаттау қарастырылған.

Жұлде жеңімпазға немесе жеңімпаз ұжымның басшысына өтінімде көрсетілген мекенжай бойынша жіберіледі. Жұлдеге қол қою үшін жұлдені қабылдау-тапсыру актісі қоса беріледі.

Алушы жұлденің алынғаны туралы сканерленген қабылдау-тапсыру актісін қолымен, Т.А.Ә. және телефонын, жеңімпаздың жұлдесі бар фотосын көрсете отырып, [rumcdo.muz@mail.ru](mailto:rumcdo.muz@mail.ru) электрондық поштаға жібереді.

19. Дипломдардың, алғыс хаттардың, сертификаттардың электрондық нұсқалары [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында орналастырылады жүктеу мүмкіндігімен. Анықтама телефондары: 8(7172) 64-27-32, 87011831666.

Ережеге Қосымша

Балалар музыка мектептері мен өнер мектептерінде оқитын жас музыканттардың республикалық фестиваль-байқауына қатысуға өтінім  
(солистер)

Білім алушының тегі, аты (толық)	
Туған күні (санмен)	
Номинация, жас санаты	
Құралдың атауы	
Облысы	
Аудан / қала	
Мектептен тыс ұйымның атауы (Толық)	
Педагог (Толық аты-жөні)	
Концертмейстер (Толық аты-жөні)	

Орындау бағдарламасы

I тур

№	Автор	Шығарманың аталуы
1		
2		

Орындау уақытының ұзақтығы \_\_\_\_\_ (минут)

II тур

№	Автор	Шығарманың аталуы
1		
2		

Орындау уақытының ұзақтығы \_\_\_\_\_ (минут)

Балалар музыка мектептері мен өнер мектептерінде оқитын жас музыканттардың республикалық фестиваль-байқауына қатысуға өтінім (музыкалық ұжымдар)

№	Музыкалық ұжымның атауы	Мектептен тыс ұйымның мекен-жайы (облыс, қала немесе аудан)	Педагог, концертмейстер (ТАӘ толық)	Байланыс
1				
2				

3				
<b>Музыкалық ұжым қатысушыларының тізімі</b>				
№	Қатысушының аты-жөні	Туылған күні (сандармен)	Мектептен тыс ұйымның атауы (толық)	Мекен-жайы, индексі
1				

### Орындау бағдарламасы

№	Автор	Шығарманың аталуы
1		
2		
3		
4		
5		

Орындау уақытының ұзақтығы \_\_\_\_\_ (минут)

Педагогтің (аты-жөні толығымен)	
Концертмейстердің (аты-жөні толығымен)	

**Ескертпе:** Өтінімде көрсетілген қатысушылардың бағдарламасы мен тәртібі өзгертілмейді.

### Байқаудың бағдарламалық талаптары Ішекті-ысқылы аспаптар

Кіші және орта жас тобы

#### **Скрипка**

- I. Концерт, концерттік соло, вариациялар, сонаталар.
- II. Қазақстан композиторларының бірінің пьесасы.
- III. Виртуозды шығарма.

Мысалы,

1. Бом (үздіксіз қозғалыс);
2. Күй (үздіксіз қозғалыс);
3. Ф. Рис (үздіксіз қозғалыс);
4. Фирило. Этюд 28 Д-dur;
5. Богословский. Мәңгілік қозғалыс және т.б.

#### **Виолончель**

I. Ұсынылған соната немесе концерт орындаушының таңдауы бойынша:

1. Бревиль. Соната с-dur (1-бөлім).
2. Гольтерман. №5 концерт (1-бөлім).
3. Вивальди. Соната е-moll.
4. Гольтерман. № 4 концерт (II, III бөлім).
5. Ромберг. Соната с-dur (1 бөлім).
6. Йордан. Вариациялар.

II. Қазақстан композиторларының бірінің пьесасы.

III. Орындаушының таңдауы бойынша виртуозды пьеса:

1. Айвазян. Грузин биі.
2. Кабалевский. Этюд ор. 27 А-Молл.
3. Шлемюллер. Үздіксіз қозғалыс.
4. Дженкинсон. Би.
5. Комаровский. Вперегонки.
6. Гильдерман. В непогоду.

Кіші жас тобында конкурсқа қатысушылардың орындайтын шығармалары БММ 5-сыныптың бағдарламалық талаптарынан төмен болмауы, орта жас тобында 6-сыныптан төмен болмауы тиіс.

### **Ересек жас тобы Скрипка, альт, виолончель**

#### **1 тур**

1. Ежелгі соната (2 бөлім).
2. Қазақстан композиторларының бірінің пьесасы.
3. Орындаушының таңдауы бойынша пьеса.

#### **2 тур**

4. Концерт.
5. Орындаушының таңдауы бойынша туынды.

Пьесалардың бірі міндетті түрде виртуозды болуы керек. Деңгей бойынша барлық шығармалар БММ-нің 7-сыныбына қойылатын бағдарламалық талаптардан төмен болмауы тиіс.

### **Үрлемелі және соқпалы аспаптар Кіші және орта жас тобы**

1. Ірі формадағы туынды.
2. Қазақстан композиторларының бірінің пьесасы.
3. Орындаушының таңдауы бойынша туынды.

Кіші жас тобында байқауға қатысушылар орындайтын шығармалар деңгейі бойынша 3-сыныпта қойылатын бағдарламалық талаптардан төмен болмауы, орта топта БММ-нің 4-сыныбынан төмен болмауы тиіс.

### **Ересек топ**

#### **1 тур**

1. Қазақстан композиторлары бірінің пьесасы.
2. Виртуозды пьеса.
3. Классик композитордың туындысы.

#### **2 тур**

4. Ірі формадағы туынды.
5. Орындаушының таңдауы бойынша туынды.



Ересек тобында байқауға қатысушылардың орындайтын шығармалары БММ-нің 5-сынып оқушыларына қойылатын бағдарламалық талаптардан төмен емес деңгейде болуы тиіс.

### **Музыкалық ұжымдардың өнер көрсетуі**

**Ансамбльдің** байқауда өнер көрсету бағдарламасына әртүрлі сипаттағы туындылар енгізілуі тиіс, олардың бірі Қазақстан композиторының туындысы немесе қазақтың халық әуенін өңдеуі. Байқауда орындалатын туындылардың саны - кемінде төрт. Әр ұжымның өнер көрсету уақыты - 15 минут.

## **«Мамандықтар әлемін ашамыз» республикалық форумын өткізу ережелері**

### **1. Жалпы ережелер**

1. «Мамандықтар әлемін ашамыз» республикалық форумын өткізу ережелері (бұдан әрі – Форум) оның мақсатын, міндеттерін, форматын, оны өткізу және қорытынды шығару тәртібін анықтайды.

2. Форумның мақсаты: Қазақстанның еңбек нарығы мен экономикасының болашағында сұранысқа ие және қажетті болашақ мамандықты сәтті таңдау үшін білім алушылардың мамандықты оқып білуге шығармашылық тәсілдемесін жандандыру, білім алушылар мен педагогтерді бірлескен қоғамдық маңызды кәсіби бағдар қызметіне тарту.

3. Форумның міндеттері:

1) өзінің өмірлік жолын, ізденіс қызметін жобалау жағдайында жүрген білім алушылардың қызығушылықтарын жандандыру;

2) кәсіби өзін-өзі анықтау сұрақтарында жоғары сыныптағылардың тиімді қоғамдық маңызды қызметін қолдау және дамыту;

3) көрнекті тұлғаларды анықтау және қолдау, кәсіби білім алуда шығармашылық қабілетті дамыту;

4) жасөспірімнің болашақ мамандық таңдауда отбасымен, мектеппен, шығармашылық ұжыммен және қоғаммен қарым-қатынастың инновациялық түрлерін дамыту;

5) білім алушылардың жоғары оқу орындарына дейінгі түрлі оқу орындарымен шығармашылық қарым-қатынас орнатуға және жұмыспен тәжірибе алмасуға ықпал ету.

4. Форумды Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасы бойынша бойынша **қашықтық форматында** өткізеді.

5. Форумды ұйымдастырушылар Ұйымдастыру комитетінің және әділ қазылар алқасының құрамын қалыптастырады, тікелей өткізуді жүзеге асырады, нәтижелерді талдайды және қорытындысын шығарады.

### **2. Форумды өткізу мерзімі және орны**



6. Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары басшыларының қолы қойылған форумға қатысу туралы іліспе хат және байқау жұмыстары **2021 жылғы 5 наурызға дейін** [rumcdo\\_nto@mail.ru](mailto:rumcdo_nto@mail.ru) электрондық поштасына қабылданады.

7. Хатқа мыналар қоса тіркеледі:

1) Форумның облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалық кезеңдері жеңімпаздарының Форумға қатысуы туралы өтінімі, қатысушылар туралы мәліметтер (Т.А.Ж., туған жылы, сыныбы, оқу орны, мекен-жайы және білім беру ұйымының мекен-жайы, телефоны);

2) қатысушылардың жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

3) <https://www.youtube.com> каналында орналыстырылған видео материалдарға сілтеме.

8. Қашықтық форматында Форумның қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары, қатысушылардың сертификаттары, жеңімпаздардың жетекшілеріне алғыс хаттар **2021 жылғы 9 сәуірде** [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында орналастырылады.

### 3. Форумға қатысушылар

9. Форумға облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларында форумдарындағы форум кезеңдерінің жеңімпаздары – жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары қатысады.

Байқауға қатысушылардың жас мөлшері: 11-17 жас (18 жасқа дейін)

10. Жалпы қатысушылардың саны – 170 адам (10 қатысушы).

11. Карантин кезінде Форум санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздік нормаларын, дезинфекция, кварцтау, желдету режимін сақтау, адамдардың жаппай жиналуына жол бермеу арқылы немесе қашықтан өткізіледі.

### 4. Форумды өткізу тәртібі және шарты

12. Балаларды бұқаралық іс-шараларға қатыстыру арқылы қосымша білім беру жүйесінде қамтылуын арттыру үшін Форум екі кезеңде өткізіледі:

1) бірінші кезең (іріктеу) – өңірлік:

мектепшілік Форум;

аудандық (қалалық) Форум;

облыстық, қалалық (Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент) Форум.

2) екінші кезең (қорытынды) – республикалық Форум.

13. Форумның бірінші (іріктеу) кезеңін өткізу мерзімі аудандық (қалалық), облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары басшыларының бұйрықтарымен анықталады.

14. Форум келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

**1. «Осындай мамандық бар»** (3 қатысушы - 1 қазақ 1 орыс және 1 ағылшын тілдерінде) – Қазақстанның еңбек нарығы мен экономикасында сұранысқа ие және қажетті мамандықтардың балалар компьютерлік презентациялар байқауы.

Жұмыста ұсынылуы қажет: мамандықтың мазмұны мен еңбек шарты туралы ақпарат; білім беру ұйымдарында оны алу талаптары мен ерекшеліктері; мамандықтың еңбек нарығында сұранысы, осы мамандыққа адам қажет етілетін ұйымдар туралы ақпарат және басқа да кезкелген мамандық туралы пайдалы ақпарат.

Талаптар: слайдтың саны 10-нан артық емес; файлдың көлемі – 8МБ-тан көп емес; PowerPoint форматы; интернет-ресурстарына гиперсілтеме қолдануға, презентацияға шағын роликтер, әуенмен сүйемелдеуге, суреттер қоюға болады; презентация бір стильді сақтауы қажет (түс, қаріп – көлемі, сызылуы, туралауы).

Қашықтық форматында Youtube.com каналында немесе инстаграммда (#rumcdovuyborprofessii хэштегпен) 3 минуттық сөйлеген сөзінің видеосына сілтеме, сонымен қатар презентацияға сілтеме, мәтінге сипаттамасы [rumcdo\\_nto@mail.ru](mailto:rumcdo_nto@mail.ru) электрондық поштасына **2021 жылғы 5 наурызға дейін** ұсынылады.

***Бағалау өлшемдері:***

*таңдалған номинацияның тақырыбы мен мазмұнына сәйкестігі;*  
*ақпараттың логикалық және дәйекті орналасуы;*  
*тақырыпты ашу (мазмұнның толықтығы);*  
*осы жас тобы оқушыларының мазмұнын қол жетімді тілде баяндау;*  
*қатысушылардың өз пікірінің болуы;*  
*презентацияны ресімдеу;*  
*слайдтар санының талаптарға сәйкестігі;*  
*дизайнның берілген тақырыпқа сәйкестігі;*  
*мәтіндік және графикалық ақпаратты слайдтар бойынша орынды бөлу;*  
*анимация және мультимедиа құралдарын тиімді пайдалану;*  
*материалды сауатты баяндау (қателердің болмауы);*  
*презентацияның ерекшелігі;*  
*шешендік шеберлік.*

**2. «Мамандықты таңдайтын уақыт»** – (3 қатысушы - 1 қазақ тілінде, 1 орыс тілінде) - видеовлогтар байқауы (бейнеэңгіме).

Влогқа қойылатын жалпы талаптар: форумға қатысуға болашақ тиімді мамандық таңдау бойынша тақырыпты ашуға бағытталған видео роликтер қабылданады. Еркін таратылатын кітапханалардан футаждарды (footage) музыка саундтрегі ретінде, сондай-ақ өзі шығарған музыкасын пайдалануға болады. ҚР заңнамасын қандай да бір тәсілмен бұзатын экстремизмді, зорлық-зомбылықты, нәсілшілдікті, ұлтшылдықты, алкогольді, темекі шегуді, есірткіні пайдалануды насихаттайтын роликтерге жол берілмейді.

Видео роликке қойылатын техникалық талаптар:

роликтің ұзақтығы: 7 минутқа дейін;  
кадр тараптардың қатынасы: 16: 9;  
стандартты ажыратымдылығы: HD, Full HD;  
форматы: 720 p және одан жоғары;  
кодек / контейнер: H264 / MP4 видео түсіру.

Қашықтық форматында Youtube.com каналында немесе инстаграммда (#rumcdovuyborprofessii хэштегпен) 7 минуттық вайнға арналған жұмыс сілтемесі, сонымен қатар жобаға сілтемесі, мәтінге сипаттамасы [rumcdo\\_nto@mail.ru](mailto:rumcdo_nto@mail.ru) электрондық поштасына **2021 жылғы 5 наурызға дейін** ұсынылады.

***Бағалау өлшемдері:***

*роликтің көрсетілген тақырыпқа сәйкестігі;*

*мазмұны (кемінде 3 мамандық атауы көрсетілуі тиіс);  
техникалық іске асыру: видео түсірілім сапасы;  
материалды беру мәнерлілігі (мәнерлік құралдар: графика, анимация, видео және аудио эффектілері);*

*видео ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау (7 минуттан аспайды).*

*білікті мамандармен видео сұхбат форматын сақтау: видеода сұрақтарға жауап беретін кем дегенде бір ересек адам болуы тиіс.*

**3. «Мен - мамандықтар әлемінде»** (3 қатысушы қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) – әдеби байқау (эссе).

Қашықтық форматында қатысушылар **2021 жылғы 5 наурызға** дейін [rumcdo\\_pto@mail.ru](mailto:rumcdo_pto@mail.ru) электрондық поштасына мамандықтың ел үшін маңыздылығы мен таңдауын негіздейтін болашақ мамандық туралы тақырыпты ашатын эссе жібереді. Ұсынылатын сөздердің саны: 250-300, жас санаты 15-17.

**Бағалау өлшемдері:**

*мәселелерді тұжырымдау;*

*автордың позициясын көрсету;*

*мәселе бойынша өз пікірін дәлелдеу;*

*шығарманың тілдік безендірілуі, мағыналық тұтастығы, тілдік байланыстылығы және мазмұндау жүйелілігі;*

*сауаттылық. Орфографиялық нормаларды сақтау;*

*пунктуациялық нормаларды сақтау;*

*жұмысты ресімдеу.*

**4. «Мамандық кеше, бүгін, ертең» - вайндар байқауы** (2 қатысушы-1 қазақ, 1 орыс тілдерінде). Байқауға нақты мамандық бойынша әлеуметтік желілерге арналған ойын-сауық видеоконтенті - вайн (бейнеэңгіме) ұсынылады.

Бұл номинация мамандықты бағалауда әр түрлі көзқарастың болуын, зерттеу дағдыларын қолдануды көздейді: бұқаралық ақпарат құралдарындағы мақалаларды талдау, сауалнама жүргізу, сұрау, сұхбат жүргізу және т. б.

Вайнға қойылатын жалпы талаптар: форум тақырыбына сәйкес келетін кез келген қолжетімді құралдармен түсірілген (жасалған) оқыту және ойын-сауық сипатындағы Вайн – видео роликтер Форумға ұсынылады. Конкурсқа басқа адамдардың қадір-қасиеті мен сезімін қорлайтын, конкурс тақырыбына сәйкес емес жарнамалық сипаттағы роликтер қабылданбайды.

Видеороликке қойылатын талаптар:

видеоформаты: DVD, MPEG4;

видеороликтің ең аз ажыратымдылығы - 720x480 (12: 8 см);

видеороликтің ұзақтығы - 5 минутқа дейін;

видеороликтер автордың аты бар ақпараттық бастамалармен ресімделуі тиіс (видеороликтің атауы, жалпы видеороликтің ұзақтығы);

қатысушының қалауы бойынша видеороликті монтаждау және түсіру кезінде арнайы бағдарламалар мен құралдарды пайдалану;

қатысушылар видео ролик жанрын өздері анықтайды (сұхбат, репортаж, видеоклип, мультфильм және т. б.);

роликте фотосуреттер пайдаланылуы мүмкін.

Қашықтық форматында Youtube.com каналында немесе инстаграммда (#rumcdovyborprofessii хэштегпен) 5 минуттық вайнға арналған жұмыс сілтемесі,

сонымен қатар жобаға сілтемесі, мәтінге сипаттамасы [rumcdo\\_nto@mail.ru](mailto:rumcdo_nto@mail.ru) электрондық поштасына **2021 жылғы 5 наурызға** дейін ұсынылады.

**Бағалау өлшемдері:**

*жұмыстың мәлімделген тақырыпқа сәйкестігі;  
видео роликтің креативтілігі (идеяның жаңашылдығы, ерекшелігі, ойлау икемділігі);*

*ақпараттылығы;*

*видео жазба сапасы;*

*арнайы құралдарды иелену деңгейі;*

*жұмыстың эстетикасы.*

15. Әр делегация үшін шығармашылық және зерттеу жұмыстарын номинациялар бойынша орындау міндетті шарт болып табылады. Әр номинацияға қатысу міндетті. Бір қатысушы бір жобаны ұсынады.

**Карантин кезінде Форум санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздік нормаларын, дезинфекция, кварцтау, желдету режимін сақтау, адамдардың жаппай жиналуына жол бермеу арқылы немесе қашықтан өткізіледі.**

16. Форумға жіберілген жұмыстар қайтарылмайды. Байқауды ұйымдастырушылар авторды көрсете отырып, жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы.

## **5. Форум қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау**

17. Кәсіби әділ қазылар алқасы байқау жұмыстарын 10 балдық жүйе бойынша Форумның бағалау өлшемдеріне сәйкес бағалайды. Әділ қазылар алқасының шешімі нақты және хаттамамен ресімделеді.

18. Форумның қорытындысы бойынша әділ қазылар алқасының мүшелері жеңімпаздарды анықтайды. Жеңімпаздар I, II, III дәрежедегі дипломдармен және сыйлықтармен, ал жеңімпаздардың жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады. Барлық қатысушыларға Форумға қатысқаны туралы сертификаттар беріледі.

Қашықтық форматында сыйлық жеңімпазға өтінімде көрсетілген мекенжай бойынша Қазпочта арқылы табыс етілгені туралы хабарламамен жіберіледі. Сыйлықты алған туралы қабылдау-тапсыру актісі сыйлықпен бірге қоса беріледі.

Алушы сыйлықты алғаннан кейін қабылдау-тапсыру актісіне қол қойып, Т.А.Ә. және телефонын көрсетіп, сыйлықты алғаны туралы құжаттың сканерленген нұсқасын немесе фотосын, жеңімпаздың сыйлықпен түскен фотосын [rumcdo\\_nto@mail.ru](mailto:rumcdo_nto@mail.ru) электронды поштасы арқылы кері жібереді.

19. Дипломдар, алғыс хаттар және қатысушылар сертификаттары электронды нұсқалары [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында орналастырылады.

Анықтама телефоны: 8(7172) 64-27-22.

1-қосымша

«Мамандықтар әлемін ашамыз» республикалық форумына қатысуға өтінім

Номинация	Жұмыстың атауы	Қатысушының Т.А.Ә.	Туған жылы, сыныбы	Қатысушының тұрғылықты мекенжайы, электронды поштасы, байланыс телефоны	Білім беру ұйымы	Жоба жетекшісінің Т.А.Ә., тұрғылықты мекенжайы, электронды поштасы, байланыс телефоны
Осындай мамандық бар						
Мамандық таңдайтын уақыт						
Мен мамандықтар әлемінде						
«Мамандық кеше, бүгін, ертең»						

Топ жетекшісі: (Т.А.Ә., жұмыс орны, лауазымы, ұялы телефоны)

\_\_\_\_\_ облысы

Білім басқармасының басшысы \_\_\_\_\_ Т.А.Ә.

(қолы)

## **«Ақ шағала» республикалық хореографиялық қойылымды өткізу фестиваль-байқау ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. «Ақ шағала» республикалық хореографиялық фестиваль-байқау (бұдан әрі – Фестиваль-байқау) өткізу қағидалары оның мақсатын, міндеттерін, форматын, оны ұйымдастыру, өткізу және қорытынды шығару тәртібін айқындайды.

2. Фестиваль-байқаудың мақсаты: білім алушылардың хореографиялық, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін жағдай жасау, үйлесімді тұлғаны тәрбиелеу және одан әрі дамыту бойынша жүйелі және мақсатты іс-шаралар жүргізу, рухани-адамгершілік және мәдени құндылықтарға тарту.

3. Фестиваль-байқаудың міндеттері:

1) білім алушыларды хореографиялық өнерге, тарихи мұраға тарту, оларды белсенді шығармашылық қызметке тарту, оларды әлеуметтендіру;

2) Би мәдени дәстүрлерін қалпына келтіру, би мәдениетінің тарихын зерттеу;

3) білім алушылар тұлғасының шығармашылық дамуы, олардың әлемді эмоционалды танудағы эстетикалық сезімдері;

4) білім алушылардың эмоционалдық саласын және олардың шығармашылық қабілеттерін ашу;

5) қазіргі өнердегі халықтық дәстүрлерді сақтау;



6) балалардың бойында ұлттық мәдениетке, халық дәстүрлеріне патриотизм, құрмет және ұқыпты қарау сезімдерін тәрбиелеу;

7) шығармашылықпен жұмыс істейтін педагогтерді ақпараттық қолдау, ұжымдар арасындағы шығармашылық байланыстарды кеңейту және білім беру ұйымдары педагогтерінің тәжірибелерімен алмасу.

4.Фестиваль-байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігінің тапсырмасы бойынша Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы қашықтан өткізеді.

5.Фестиваль-байқаудың ұйымдастырушылары ұйымдастыру комитетінің және фестиваль-байқаудың қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.

## **2. Фестиваль-байқауды өткізу мерзімі мен тәртібі**

6. Облыстардың, Нұр-сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары ілеспе хатты, байқаулық жұмысты көрсетілген e-mail-ға жолдайды: [konkurs.muz@mail.ru](mailto:konkurs.muz@mail.ru) 2021 жылғы 12 сәуірге дейін.

7. Хатқа мына құжаттарды тіркеу қажет:

1) өтінім, қатысушылар туралы мәліметтер (Т.А.Ә., туған жылы, сыныбы, курсы, оқу орны, үйінің мекенжайы және білім беру ұйымының мекенжайы, телефоны, команда басшысының Т.А.Ә., жұмыс орны, лауазымы, басшының ұялы телефондары;

2) команда жетекшісіне қатысушылардың жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері қоса беріледі.

3) <http://www.youtube.com>. арнасында орналастырылған бейнематериалға сілтеме қажет

## **3. Фестиваль-байқаудың қатысушылары**

8. Фестиваль-байқауға облыстық (республикалық маңызы бар қалалар үшін - қалалық) хореографиялық байқаудың жеңімпаздары білім беру ұйымдарының би ұжымдары (қатысушылардың жасы – 2003-2010 жылы аралығында туылған) қатысады.

9. Қатысушылардың жалпы саны-153 адам (9 оқушы).

## **4. Фестиваль-байқауды өткізу шарттары**

10. Хореографиялық шығармашылықты танымал ету, іс-шараларға қатысу арқылы балаларды қосымша біліммен қамтуды арттыру үшін Фестиваль-байқау екі кезеңде өткізіледі.

1) бірінші кезең (іріктеу) – өңірлік:

мектепшілік;

аудандық (қалалық);

облыстық (қалалық – республикалық маңызы бар қалалар үшін);

2) екінші кезең (қорытынды) – республикалық қашықтық Фестиваль-байқауы.

11. Фестиваль-байқаудың бірінші (іріктеу) кезеңін өткізу мерзімі облыстардың, Нұр-сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының аудандық (қалалық) бөлімдері мен білім басқармалары басшыларының бұйрықтарымен айқындалады.

Фестиваль-байқау өңірлік кезеңде санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздік нормаларын, дезинфекциялау, кварцтау, желдету режимін сақтай отырып, адамдардың жаппай жиналуына жол бермей немесе қашықтан өңірдің бас санитариялық дәрігерінің ұсынымдарын ескере отырып өткізіледі.

12. Фестиваль-байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

1) Халық биі және халықтық стильдегі би:

а) Әлем халықтарының билері;

б) Қазақ биі;

2) Заманауи би:

а) эстрадалық би;

б) аралас би.

Би ұжымдары әр номинацияда ұзақтығы 5 минутқа дейін бір байқау нөмірін ұсынады.

13. Электрондық поштаға фестиваль-байқауға қатысу үшін [konkurs.muz@mail.ru](mailto:konkurs.muz@mail.ru) поштасына <http://www.youtube.com>. арнасында орналастырылған бейнематериалға сілтемесін жібереді, бейне сапалы, бір роликпен тоқтаусыз жазылуы керек. Бұрын сапалы түрде жазылған дайын бейнені тоқтаусыз бір роликпен пайдалануға рұқсат етіледі. Әртүрлі өнер көрсетулерден "кесуге, ұрлауға" жол берілмейді. Байқауға арналған бейнеролик кез келген сахналық алаңдарда және сапалы фонограмма (сахна, табиғат, концерттік алаң және т.б.) жазыла отырып түсірілуі тиіс.

14. Фестиваль-байқауды кәсіби қазылар алқасы 10 балдық жүйе бойынша бағалайды. Қазылар алқасының шешімі хаттамамен рәсімделеді.

***Бағалау критерийлері:***

- *стильдердің үйлесімінің өзгергіштігі, өзіндік ерекшелігі және үйлесімділігі;*
- *композициялық шешім;*
- *би қойылымы-идея;*
- *техника және орындау деңгейі;*
- *жоғары сапалы орындау*
- *көркемдік және сюжеттік;*
- *сахналық көрініс (костюм).*

**5. Қорытынды шығару және фестиваль-байқаудың  
жеңімпаздарын марапаттау**

15. Фестиваль-байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды. Жеңімпаздар Гран-при, I, II, III дәрежелі дипломдармен және сыйлықтармен, сондай – ақ «Үздік хореографиялық қойылым», «Би қойылымының ерекшелігі үшін», «Сахналық шеберлігі үшін» номинациялары бойынша, жеңімпаздардың жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады. Фестиваль-байқаудың барлық қатысушыларына қатысқаны туралы сертификаттар табысталады.



16. Жүлде ұжым басшысына-жеңімпазға немесе жеңімпазға тапсырыста көрсетілген мекенжай бойынша жіберіледі. Жүлдеге қол қою үшін жүлдені қабылдау-тапсыру актісі қоса беріледі.

Алушы жүлдені алғаны туралы сканерленген қабылдау-тапсыру актісін қолымен, аты-жөні мен телефонын, жеңімпаздың, жеңімпаз команда басшысының (мүмкіндігінше) суретін жүлделермен бірге электрондық поштаға жібереді [rumcdo.muz@mail.ru](mailto:rumcdo.muz@mail.ru).

17. Жеңімпаз дипломдарының, басшылардың алғыс хаттарының, қатысушы сертификаттарының электрондық нұсқалары сайтта орналастырылатын болады [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сілтеме бойынша автоматты түрде жүктеу мүмкіндігімен <https://www.ziyatker.org/respublik-distan-internet-konkurs> Анықтама телефоны: 8(7172) 64-27-32. Дипломдарды, алғыс хаттар мен сертификаттарды жүктеу мүмкіндігі [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) → Республикалық байқаулар → "Ақ шағала" байқауы → ары қарай. Өтінім

Ережеге Қосымша

«Ақ шағала» республикалық  
хореографиялық фестиваль-байқауға қатысу  
өтінімі

№ р/ с	Ұжым атауы	Номинация атауы	Қатысушының тегі, аты, әкесінің аты	Туған күні, айы, жылы	Тұрғылықты жері, (облыс, қала, ауыл, телефон)	Оқу орны, сыныбы	Баратын мектептен тыс ұйымның атауы	басшының ТАӘ	Байланыс телефондары, тұратын мекенжайы

**«Алау» әскери-спорттық ойынның республикалық финалын  
өткізу ережелері**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы ереже «Алау» әскери-спорттық ойынның Республикалық финалының (бұдан әрі – Республикалық ойын) мақсатын, міндеттерін, ұйымдастыру форматын, өткізу және қаржыландыру тәртібін анықтайды.

2. Республикалық ойынның мақсаты: жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу, жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу, салауатты өмір салтын насихаттау және дамыту бойынша жұмыстардың мазмұнын жетілдіру.

3. Республикалық ойынның міндеттері:

- 1) ойын әрекеті негізінде оқушылардың бастамашылдығын және дербестігін дамыту;
  - 2) қолданбалы спорт түрлерін дәріптеу және насихаттау;
  - 3) өңірлерде өскелең ұрпақты патриоттылыққа тәрбиелеу бойынша жұмыстарды жетілдіру және белсендіру;
  - 4) білім алушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауы, шығармашылығы, олардың қабілеттерін іске асыру үшін жағдай жасау;
  - 5) жеке және қоғамдық қауіпсіздіктің мотивациялық негіздерін қалыптастыру;
  - 6) тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі мәдениетін қалыптастыру;
  - 7) өскелең ұрпақтың шығармашылық әлеуетін ашу.
4. Республикалық ойынды Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасы бойынша қашықтық форматта өткізеді.
5. Республикалық ойынның ұйымдастырушылары ұйымдастыру комитеті мен қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.

## **2. Республикалық ойынды өткізу уақыты мен орны**

6. **Қашықтық форматта** Республикалық ойын **2021 жылғы 12-14 сәуірде ZOOM** интернет-платформасында өткізіледі.

7. Республикалық ойынға қатысу үшін облыстар, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары басшыларының қолы қойылған ілеспе хат пен өтінімдерді **2021 жылғы 1 сәуірге дейін** 1-қосымшаға сәйкес **rumcdo\_socped2020@bk.ru** электронды поштасына жібереді.

8. Өтінімге мыналар қоса тіркеледі:

- 1) Республикалық ойынның облыстық (Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент – қалалық) кезеңдері жеңімпаздарының және топ жетекшілерінің Республикалық ойынға қатысуы үшін жолдау туралы білім басқармасы басшысы бұйрығының көшірмесі;
- 2) қатысушылар туралы мәліметтер (Т.А.Ж., туған жылы, сыныбы, курсы, оқу орны және білім беру ұйымының мекен-жайы, телефоны, топ жетекшісінің Т.А.Ж., жұмыс орны, лауазымы, ұялы телефоны);
- 3) қатысушылардың, топ жетекшісінің жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері.

## **3. Республикалық ойынға қатысушылар**

9. Республикалық ойынның финалына облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары кезеңдеріндегі Ойын жеңімпаздары – жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының 12-14 жастағы 7-8 сынып білім алушылары ұлдар мен қыздар қатысады (8 ұл, 2 қыз).

10. Республикалық ойынға қатысушылар саны: барлығы 170 адам, әр өңірден келген команда - 10 қатысушыдан: 10 оқушы.

11. Іс-шараны өткізу барысында және қатысушылардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі үшін жауапкершілік команда жетекшісіне жүктеледі

12. Карантин кезіндегі Республикалық ойынның өңірлік кезеңдері санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздік нормаларын, дезинфекциялау, кварцтау, желдету режимін сақтай отырып, адамдардың жаппай жиналуына жол бермей жүргізіледі.

#### 4. Республикалық ойынды өткізу тәртібі

13. Республикалық ойын екі кезеңде өткізіледі:

1) бірінші кезең (іріктеу) – Өңірлік:

мектепшілік ойын: қаңтар;

аудандық (қалалық) ойын: ақпан;

облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалық ойын: наурыз;

2) екінші кезең (қорытынды) – Республикалық ойын: сәуір.

14. Республикалық ойынның өңірлік (іріктеу) кезеңін өткізу мерзімдері аудандық (қалалық) білім бөлімдерінің және облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары басшыларының бұйрығымен анықталады.

15. Мектепшілік ойынның нәтижелері бойынша жоғары балл жинаған командалар аудандық (қалалық) ойынға қатысады. Облыстық ойындарға аудандық (қалалық) кезеңдерінің жеңімпаздары қатысады.

16. Республикалық ойын келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

##### **1. Саптық байқау.**

Барлық команда қатысады. Сыртқы келбеті, бөлімше құрамында саптық тәсілдерді сол жерде және қарусыз қозғалыста орындауы, салтанатты маршпен өтуі, саптық әнді орындауы тексеріледі.

Команданы бір қатарда сапқа тұрғызу, саптан шығу және бөлімше командирінің жарыстың бас төрешісіне (команда басшысына онлайн режимінде) баяндамасы, команданы екі қатарға қайта құру, бір орнында бұрылу (Сол-ға, Оң-ға, Ке-рі), салтанатты маршпен өту (жарыстың бас төрешісіне офлайн режимінде немесе команда басшысына онлайн режимінде құрмет беру), саптық әнмен команданың өтуі.

Командаларды мемлекеттік тілде және ҚР ҚК саптық жарғысына сәйкес беру міндетті шарт болып табылады.

Киім үлгісі ҚР ҚК киім нысанын көшірмеуі тиіс (шеvronдарға, белгілерге, ҚР ҚК символикасына рұқсат етілмейді).

Республикалық ойынды ұйымдастырушыларға MP4 форматында <http://www.youtube.com> каналында орналастырылған бейнематериалға сілтеме жіберіледі. Нәтижелер командалық есепте анықталады. Бейнетүсірілім алдыңғы жағынан-бүйірден жүргізіледі.

##### **Бағалау өлшемдері:**

командирдің әрекеттері;

командалардың саптық реттілігі - қатысушылардың команда құрамында анық, бірыңғай және келісілген әрекет ете білуі;

команда мүшелерінің сыртқы келбеті.

**2. Ұлы Отан соғысы кезіндегі патриоттық әннің сахналанған «Ерлікке жүрегіңмен жақында» байқау – сайысы.** Барлық команда қатысады. Байқауға қатысушылар деректемелерімен үйлесімді музыкалық және көркем шеберлігін көрсетуі тиіс.

Нәтижелер командалық есепте анықталады.

Республикалық ойынды ұйымдастырушыларға MP4 форматында <http://www.youtube.com> каналында орналастырылған бейнематериалға сілтеме жіберіледі.

***Бағалау өлшемдері:***

- ән репертуарының байқау тақырыбына сәйкестігі;
- орындаушылық шеберлігі;
- сахналық мәдениеті;
- сыртқы түрі;
- көркемдігі (әсерлі орындауы).

**3. Турникке тартылу.** 5 ұл қатысады. Жеке бейнероликтер - MP 4 форматында жазылады, бейнетүсірілім 45 градус ракурстан алдыңғы жағынан-бүйірден, турниктің деңгейінде жүргізіледі. Нәтижелер командалық есепте анықталады.

**Арқамен жатып денені жерден көтеріп түсіру.** 2 қыз қатысады. Қыздар арқамен жатып денені жазықтықта (кілемде) жерден көтеріп түсіреді. Қатысушылар Республикалық ойынды ұйымдастырушыларға MP 4 форматында жеке бейнероликтерді жолдайды, бейнетүсірілім бүйірінен, төменнен жүргізіледі. Нәтижелер командалық есепте анықталады.

Командалар арасындағы біріншілік тартылу мен денені жерден көтеріп түсірудің ең көп саны бойынша анықталады (орташа арифметикалық).

**4. Тарихи-өлкетану зерттеу жобасын қорғау.**

«Ұрпаққа ұран болған Ұлы Ерлік!» Ұлы Отан соғысының ардагері немесе тыл еңбек ері, батыр жерлесіміздің тағдыры туралы.

Байқауға командадан 1 адам қатысады. Қатысушы зерттеу жобасын 7 минут ішінде (көп емес, уақыт тіркеледі, жобаны қорғау 7 минуттан кейін үзіледі) презентация, бейнематериалды көрсету, көркем (сахналық) нөмір немесе басқа шығармашылық жұмыс түрінде қорғайды.

Презентацияның бірінші слайдында номинацияның, команданың атын, облысын, білім беру ұйымын, автордың атын, тегін, жасын, жетекшінің Т.А.Ж. көрсету қажет.

***Бағалау өлшемдері:***

- материалдардың жаңашылдығы;
- қабылдау сенімділігі мен қол жетімділігі;
- материалды ұсынудың өзіндік ерекшелігі;
- сыртқы көріністің эстетикасы;
- жұмыстың айқындылығы.

**Жобаны қорғау ZOOM** платформасында 2021 жылғы 14 сәуірде сағат 09.30-13.00-де онлайн режимінде жүзеге асырылады.

**5. «АК-74 ММГ бөлшектеп бұзу және жинау».**

Қатысушылар – 2 (1 ұл, 1 қыз).

АК-74 ММГ бөлшектеу уақыты бөлек тіркеледі, АК-74 ММГ жинау бөлек бекітіледі. Оқушылардың қауіпсіздігі мақсатында АК-74 ММГ бөлшектеу кезінде керек-жарақтары бар пеналды ұядан шығаруға тыйым салынады.

Қатысушы секундомерде орындау уақытын қамти отырып, MP4 форматында бейнеролик түсіреді және оны <http://www.youtube.com> каналына орналастырады, ұйымдастырушыларға бейнематериалға сілтемені жібереді.

Жеңімпаз (жеке біріншілік) нормативті орындауға арналған ең аз уақыт бойынша анықталады.

17. **Қашықтық форматта** барлық байқау жұмыстарды Республикалық ойынды ұйымдастырушыларға **2021 жылғы 1 сәуірге дейін rumcdo\_socped2020@bk.ru** электронды поштасына жіберіледі.

Республикалық ойынның қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары, қатысушылардың сертификаттары, жеңімпаздардың жетекшілеріне алғыс хаттар **2021 жылғы 30 сәуірде www.ziyatker.org сайтында** орналастырылады.

## 5. Қатысушыларды марапаттау

18. Республикалық ойынның қорытындысы бойынша төрешілер алқасы жеңімпаздарды анықтайды. Жеңімпаздар I, II, III дәрежелі дипломдармен және бағалы сыйлықтармен, ал жеңімпаз командалардың жетекшілері - алғыс хаттармен марапатталады. Республикалық ойынның барлық қатысушыларына сертификаттар табысталады.

19. Республикалық ойынның қашықтық форматында сыйлық жеңімпазға немесе жеңімпаз команданың жетекшілеріне өтінімде көрсетілген мекенжай бойынша Қазпочта арқылы табыс етілгені туралы хабарламамен жіберіледі. Сыйлықты алғаны туралы қабылдау – тапсыру актісі сыйлықпен бірге қоса беріледі.

Алушы сыйлықты алғаннан кейін қабылдау – тапсыру актісіне қол қойып, Т.А.Ә. және телефонын көрсетіп, сыйлықты алғаны туралы құжаттың сканерленген нұсқасын, жеңімпаздың сыйлықпен түскен фотосын rumcdo\_socped2020@bk.ru электронды поштаға кері жібереді.

20. Республикалық ойынның қашықтық форматында дипломдар, алғыс хаттар және сертификаттардың электронды нұсқалары [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында жүктеу мүмкіндігімен орналастырылады.

Анықтама телефоны: 8 (7172) 64-27-31.

1-қосымша

### «Алау» әскери-спорттық ойынның Республикалық финалына қатысуға өтінім

№ р/с	Қатысушының аты-жөні (толық)	Қатысушының туған күні	Тұратын мекен-жайы (облыс, қала, ауыл, көше, үй, пәтер номері, телефоны)	Білім беру ұйымы, сыныбы, курсы	Оқыту тілі	Команда аталуы	Команда жетекшісінің аты-жөні (толық), байланыс телефондары
-------	------------------------------	------------------------	--	---------------------------------	------------	----------------	---

Техникалық шығармашылық және өнертапқыштардың

## (әуе, зымыран, көлік, кеме құрастыру) республикалық жарысын өткізу ережелері

### 1. Жалпы ережелер

1. Техникалық шығармашылық және өнертапқыштардың (әуе, зымыран, көлік, кеме құрастыру) республикалық жарысын өткізу ережелері (бұдан әрі – Жарыс) оның мақсатын, міндеттерін, ұйымдастыру форматын, оны өткізу және қорытынды шығару тәртібін анықтайды.

2. Жарыстың мақсаты: Қазақстан Республикасында балалардың техникалық шығармашылығын дамыту, тұлғаның шығармашылық құзыреттілігінде бәсекелестік артықшылықтарын қалыптастыру, білім алушылардың өзін-өзі кәсіби анықтауы үшін жағдай жасау.

3. Жарыстың міндеттері:

әр түрлі өңірлердің білім алушылары мен педагогтерінің тәжірибе алмасуына жағдай жасау;

техникалық шығармашылық бойынша үздік жұмыс тәжірибесін насихаттау;

балаларды инновациялық ғылыми-техникалық шығармашылыққа тарту;

инновациялық технологиялар саласында жаңа құзыреттілікті қалыптастыру;

техникалық шығармашылық және өнертапқыштық саласында оқитын дарынды, талантты білім алушыларды анықтау;

топпен шығармашылық жұмыс дағдыларын қалыптастыру;

іс-шаралар арқылы қосымша біліммен қамтылған балалар санын арттыруға ықпал ету.

4. Жарысты Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасы бойынша **қашықтық форматында** өткізеді.

5. Жарысты ұйымдастырушылар Ұйымдастыру комитетінің және әділ қазылар алқасының құрамын қалыптастырады, тікелей өткізуді жүзеге асырады, нәтижелерді талдайды және қорытындысын шығарады.

### 2. Жарысты өткізу мерзімі және тәртібі

6. Жарыс **2021 жылғы 10-11 маусымда қашықтық форматта ZOOM** интернет-платформасында өткізіледі

7. Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары басшыларының қолы қойылған Жарысқа қатысу туралы ілеспе хат **2021 жылғы 10 мамырға дейін rumcdo\_nto@mail.ru** электрондық поштасына қабылданады.

8. Хатқа мыналар қоса тіркеледі:

1) Жарыстың облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалық кезеңдері жеңімпаздарының Республикалық жарысқа қатысуы туралы өтінімі;

2) қатысушылар туралы мәліметтер (Т.А.Ж., туған жылы, сыныбы, оқу орны, мекен-жайы және білім беру ұйымының мекен-жайы, телефоны);

3) қатысушылардың жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

4) <http://www.youtube.com> арнада орналастырылған бейнематериалға сілтемелер.

### 3. Жарысқа қатысушылар

9. Жарысқа облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалық жарыстардың жеңімпаз командалары – республиканың жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары қатысады.

Жарысқа қатысушылардың жас санаты: 11-17 жас (18 жасқа дейін).



10. Жалпы қатысушылар саны – 170 адам (10 білім алушы).

11. Карантин кезіндегі Республикалық ойынның өңірлік кезеңдері санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздік нормаларын, дезинфекциялау, кварцтау, желдету режимін сақтай отырып, адамдардың жаппай жиналуына жол бермей жүргізіледі.

#### 4. Жарысты өткізу тәртібі және шарты

12. Балаларды іс-шараларға қатыстыру арқылы қосымша білім беру жүйесінде қамтылуын арттыру үшін Жарыс екі кезеңде өткізіледі:

бірінші кезең (іріктеу) – өңірлік: мектепшілік жарыс;

аудандық (қалалық) жарыс;

облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалық Жарыс.

екінші кезең (қорытынды) – республикалық жарыс.

13. Жарыстың бірінші (іріктеу) кезеңін өткізу мерзімі аудандық (қалалық), облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары басшыларының бұйрықтарымен анықталады.

14. Жарыстар келесі модельдердің кластары бойынша өткізіледі, 1 қатысушы 2 номинация бойынша қатыса алады:

##### **Радиомен басқарылатын көлік модельдері:**

1) 1:10 масштабта көлік модельдерін мәнерлеп жүргізу; РЦБ класы;

2) 1:10 масштабта багги жарысы (4wd). Багги -10Э;

3) багги 1:8 ДВС, 1:10 ДВС.

##### **Драгстер сызбасы бойынша автотрассалық модельдеу:**

1) Production-32;

2) Production-24.

##### **Әуе модельдері:**

1) F-3-P (пенолёт) моделі;

2) кордалы F-2-B;

3) кордалы жарты копия, контурлы моделі;

4) квадрокоптер.

##### **Кеме модельдері:**

1) F-4-B немесе F-4-C (бір модель);

2) FSR –ECO- MINI EXPERT F-3-E маршруты бойынша;

3) Ф -2 - А;

4) FSR- ECO-STANDART - F-3-E маршруты бойынша өткізіледі.

##### **Қашықтық форматында жоғарыда көрсетілген модельдерді өткізу шарттары:**

1) кестеге сәйкес модельдерді іске қосуды бастау ZOOM онлайн-платформасында трансляция (тікелей эфир) жүргізіледі;

2) сонымен қатар, әр өңір толық қанды фото-видео түсірілімді ұйымдастырып, Жарыстың хаттамасын жүргізуі қажет;

3) трансляция (тікелей эфир) аяқталғаннан кейін 3 сағат ішінде әрбір өңір әділ қазылар алқасы мүшелерінің жете қарауына MPEG4, AVI форматындағы видеоны, 4 фотосуретті [rumcdo\\_nto@mail.ru](mailto:rumcdo_nto@mail.ru) электрондық поштасына жіберуі тиіс.

**Трансляцияға арналған ZOOM онлайн-платформасына сілтеме және қатысу кестесі Жарыс өткізілгенге дейін қосымша 3 күн бұрын хабарланады.**

##### **Зымыран модельдері:**

1) S6A – стример;

2) S9A – ротошот.

**Қашықтық форматында жарыстың зымыран модельдер түрін өткізу шарттары:**



1) видео түсірілім (модельдерді іске қосуды бастау, ротошют немесе стримердің ашылу сәті, зымыранның жерге тигенге дейін парашюттеу уақытын белгілеу), 4 фотосуретті [rumcdo\\_nto@mail.ru](mailto:rumcdo_nto@mail.ru) электрондық поштасына **2021 жылғы 10 мамырға** дейін жіберіледі;

2) қатысушылар ұсынған барлық видео жазбалары әділ қазылар алқасының қарауына беріледі.

Жарыстың әрбір түрі санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздік нормаларын, дезинфекция, кварцтау, желдету режимін сақтау, адамдардың жаппай жиналуына жол бермеу арқылы өлшемдеріне сәйкес осы спорт түрлеріне арнайы жасалған далалық алаңда немесе жабық ғимараттарда өткізіледі.

15. Жарыс номинацияларын бағалау өлшемдеріне, хаттамалық шешімдердің нәтижелеріне және АСФ, АМСФ, NAVIGA ережелеріне сәйкес кәсіби әділ қазылар алқасы бағалайды. Қазылар алқасының шешімі хаттамамен ресімделеді.

16. Қашықтық форматында Жарыстың қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары, қатысушылардың сертификаттары, жеңімпаздардың жетекшілеріне алғыс хаттар **2021 жылғы 18 маусымда** [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында орналастырылады.

17. Жарысқа жіберілген видеоматериалдар қайтарылмайды. Жарысты ұйымдастырушылар авторды көрсете отырып, жарыстың видеоматериалдарын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы.

## 5. Жарыс қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау

18. Жарыстың қорытындысы бойынша әділ қазылар алқасының мүшелері жеңімпаздарды анықтайды. Жеңімпаздар I, II, III дәрежедегі дипломдармен және сыйлықтармен, ал жеңімпаздардың жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады. Барлық қатысушыларға Жарысқа қатысқаны туралы сертификаттар беріледі.

19. **Қашықтық форматында сыйлық жеңімпазға өтінімде көрсетілген мекенжай бойынша Қазпочта арқылы табыс етілгені туралы хабарламамен жіберіледі. Сыйлықты алған туралы қабылдау-тапсыру актісі сыйлықпен бірге қоса беріледі.**

Алушы сыйлықты алғаннан кейін қабылдау-тапсыру актісіне қол қойып, Т.А.Ә. және телефонын көрсетіп, сыйлықты алғаны туралы құжаттың сканерленген нұсқасын немесе фотосын, жеңімпаздың сыйлықпен түскен фотосын [rumcdo\\_nto@mail.ru](mailto:rumcdo_nto@mail.ru) электронды поштасы арқылы кері жібереді.

20. Дипломдар, алғыс хаттар және сертификаттардың электронды нұсқалары [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында жүктеу мүмкіндігімен орналастырылады.

Анықтама телефоны: 8(7172) 64-27-22.

1-қосымша

Техникалық шығармашылық және өнертапқыштардың  
(әуе, зымыран, көлік, кеме құрастыру) республикалық жарысына қатысуға өтінім

Номинация	Модельдердің кластары	Қатысушының Т.А.Ә.	Туған жылы, сыныбы	Қатысушының тұрғылықты мекенжайы, электронды поштасы, байланыс телефоны	Білім беру ұйымы	Жоба жетекшісінің Т.А.Ә., тұрғылықты мекенжайы, электронды поштасы, байланыс телефоны

Топ жетекшісі: (Т.А.Ә., жұмыс орны, лауазымы, ұялы телефоны) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ облысы

Білім басқармасының басшысы \_\_\_\_\_ Т.А.Ә.  
(қолы)

## **«Менің Отаныма – менің бастамам» республикалық шығармашылық жобалар байқауын өткізу ережелері**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы ереже «Менің Отаныма – менің бастамам» республикалық шығармашылық жобалар байқауының (бұдан әрі – Байқау) мақсатын, міндеттерін, ұйымдастыру форматын, өткізу және қаржыландыру тәртібін анықтайды.

2. Байқаудың мақсаты: дарынды балаларды анықтауға және қолдауға бағытталған балалар мен жастардың бастамаларын дамытуға ықпал ету.

3. Байқаудың міндеттері:

- 1) балалар мен жастардың назарын өзекті әлеуметтік мәселелерге аудару;
- 2) балалар мен жастардың әлеуметтік-шығармашылық белсенділіктерін, өзін өзі жетілдіру және өзін өзі дамыту қажеттіліктерін дамыту;
- 3) балалар мен жастардың азаматтық және құқықтық мәдениеттерінің деңгейін арттыру;
- 4) бастамалар және инновациялық стартаптарды жүзеге асыру үшін алаң құру;
- 5) қоғамдық белсенділік және әлеуметтік жобалау дағдысын дамыту;
- 6) балалар мен жастардың жобалық қызметтерінің табысты тәжірибесін бағалау және тарату;
- 7) іс-шараларға араластыру арқылы қосымша біліммен қамтылған балалар санын арттыруға ықпал ету.

4. Байқауды Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасы бойынша **қашықтық форматта** өткізеді.

5. Байқауды ұйымдастырушылар ұйымдастыру комитеті мен қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.

### **2. Байқауды өткізу уақыты мен орны**

6. **Қашықтық форматта** Байқау **2021 жылғы 7-9 маусымда ZOOM** интернет-платформасында өткізіледі.

7. Республикалық байқауға қатысу үшін облыстар, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары басшыларының қолы қойылған ілеспе хат пен өтінімдерді **rumcdo\_socped2020@bk.ru** электронды поштасына **2021 жылғы 14 мамырға дейін** 1-қосымшаға сәйкес жібереді.

8. Өтінімге мыналар қоса тіркеледі:

1) Республикалық байқаудың облыстық (Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент – қалалық) кезеңдері жеңімпаздарының және топ жетекшілерінің Республикалық байқауға қатысуы үшін жолдау туралы білім басқармасы басшысы бұйрығының көшірмесі;

2) қатысушылар туралы мәліметтер (Т.А.Ж., туған жылы, сыныбы, курсы, оқу орны және білім беру ұйымының мекен-жайы, телефоны, топ жетекшісінің Т.А.Ж., жұмыс орны, лауазымы, ұялы телефоны);

3) қатысушылардың, топ жетекшісінің жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері.

### **3. Байқауға қатысушылар**

9. Байқауға қатысушылар – жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының 2021 жылғы 1 маусымына 13-17 жас аралығындағы білім алушылар.

10. Байқаудың республикалық кезеңіне Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының облыстық кезеңдерінің жеңімпаздары қатарынан құрама командалар қатысады.

11. Байқауға қатысушылар саны: барлығы 170 адам, әр өңірден келген команда - 10 қатысушыдан: 10 оқушы.

12. Іс-шараны өткізу барысында және тұрғылықты жерге қайту жолында қатысушылардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі үшін жауапкершілік команда жетекшісіне жүктеледі.

13. Карантин кезіндегі Республикалық байқаудың өңірлік кезеңдері санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздік нормаларын, дезинфекциялау, кварцтау, желдету режимін сақтай отырып, адамдардың жаппай жиналуына жол бермей жүргізіледі.

### **4. Байқауды өткізу тәртібі**

14. Республикалық байқау екі кезеңде өткізіледі:

1) бірінші кезең (іріктеу) – Өңірлік:

мектепшілік байқау;

аудандық (қалалық) байқау;

облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалық байқау;

2) екінші кезең (қорытынды) – Республикалық байқау.

15. Республикалық байқаудың өңірлік (іріктеу) кезеңін өткізу мерзімдері аудандық (қалалық) білім бөлімдерінің және облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары басшыларының бұйрығымен анықталады.

16. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

**1. «Өз жылуыңмен бөліс» номинациясы (қатысушылардың жасы 13-14 жас):**

қарт адамдарға, әлеуметтік осал топтағы балаларға және басқаларға қолдау және көмек көрсету;

кәмелетке толмағандардың әлеуметтік мінез-құлық әрекеттерін алдын алу;

халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балаларды бейімдеу;

балаларды табиғи апаттар салдарын жеңуге және жазатайым оқиғалардың алдын алуға дайындауға бағытталған әлеуметтік жобалар байқауы.

**2. «Туған қалаға – игілікті істер» номинациясы (қатысушылардың жасы 13-14 жас):**

жаңа еріктілер жасақтарын құруға және дамытуға;  
әлеуметтік маңызды істерді ұйымдастыруға, оның ішінде бос уақытты ұйымдастыру бойынша балаларды белсенді қызметке тартуға;  
салауатты өмір салтын насихаттауға, бұқаралық спортты дамытуға бағытталған шығармашылық жобалар байқауы.

**3. «Мен – Қазақстанның азаматымын» номинациясы (қатысушылардың жасы 13-14 жас):**

барлық этностардың мәдени ерекшелігін сақтау жағдайында қазақстандық қоғамның жалпыұлттық рухани және мәдени құндылықтары мен дәстүрлеріне азаматтарды тарту;

қазақ тілі мен үш тілдің тұтастығын дамыту;

отбасының адамгершілік негіздерін, оның тәрбиелік рөлін нығайту, балалар мен жастар ортасында Қазақстанда тұратын барлық этностардың мәдени дәстүрлеріне, тіліне және отбасылық құндылықтарына толерантты және құрметпен қарауды нығайтуға бағытталған шығармашылық жобалар байқауы.

**4. «Медиа жобалар» номинациясы (қатысушылардың жасы 15-17 жас):**

ақпараттық, білім беру ортасын дамыту – балалар мен жастардың ақпараттық кеңістігін дамыту;

әлеуметтік бағдарланған сайттар, интернет-ресурстар құру, білім беру және кәсіби бағдарды жобалау және т. б. бағытталған шығармашылық жобалар байқауы.

**5. «Менің кіші Отаным» номинациясы (қатысушылардың жасы 13-14 жас):**

жеке тұлғаның өз елінің рухани адамгершілігі мол азаматы және патриоты, кіші Отанының өткені мен болашағын зерттеп, оны өркендетуге бағытталған шығармашылық жобалар байқауы;

Берілген жоба азаматты және патриотты тәрбиелеуде оқушылардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына үлкен маңызы зор.

**6. «Қазақстанның жеті кереметі» номинациясы (қатысушылардың жасы 15-17 жас).** Қоғамның, жеріміздің табиғи, тарихи және мәдени игілігі туралы ақпараттандырылуына ықпал ететін жобалар байқауы – палеолиттен ХХІ ғасырға дейінгі түрлі дәуірлердің сәулет ғимараттары мен ескерткіштері, Каспий теңізінен Жоңғар Алатауының жотасына дейінгі табиғат кереметтері.

**7. «Қазақстанның 100 жаңа есімі» номинациясы (қатысушылардың жасы 15-17 жас).** Қоғамда танымал және ақпараттық ілгерілету идеясының жетістігі, принциптерін бәсекеге қабілеттілігін, ғибадат прагматизм мен білімін мысалдар арқылы Қазақстанның дамуына елеулі үлес қосқан адамдар туралы шығармашылық жобалар байқауы.

Бұл адамдар – біздің замандастарымыз, олардың өмір жолы мен жетістіктері – бәріне үлгі.

**8. «Жаңғырту полюсі» номинациясы (қатысушылардың жасы 14-15 жас).** Байқау мәдени мұраны сақтау және жаңғырту;

шығармашылық әлеуетті және әр түрлі өнер түрлерін дамыту, бос уақыттың жаңа түрлерін құруға ықпал етуге бағытталған жобалар байқауы.

**9. «Киіз үй – ғаламның моделі» номинациясы (қатысушылардың жасы 15-16 жас):** барлық этностардың мәдени өзіндік ерекшелігін сақтай отырып, азаматтарды

қазақстандық қоғамның жалпыұлттық рухани-мәдени құндылықтары мен дәстүрлеріне тарту;

Қатысушылар киіз үй элементтері бейнеленген атақты мәдениет және сәулет нысандарын көрсете алады. Сонымен қатар, киіз үй элементі бейнеленген болашақ нысандардың жобаларын әлем үлгісі ретінде ұсына алады. Әлемнің бейнелі-тұжырымдамалық үлгісі мен киіз үй құрылысының арасындағы тығыз байланыс пен параллельді негіздеуге бағытталған шығармашылық жобалар байқауы.

Жобаны қорғау уақыты – көрнекілік материалдарын (макеттер, модельдер, бейне және т.б.) пайдалана отырып, 7 минутқа дейін. Аталған номинациялар бойынша шығармашылық жұмыстарды орындау әрбір делегация үшін міндетті шарт болып табылады. Әр номинацияға қатысу міндетті. Бір қатысушы бір жобадан ұсынады.

**17. Шығармашылық жобаларды бағалау өлшемдері:**

- 1) жобаның байқау шарттарына сәйкестігі;
- 2) шығармашылық жобаның әлеуметтік тиімділігі – шешілетін әлеуметтік мәселенің өзектілігі және жобаның маңыздылығы;
- 3) жобаның міндеттері бойынша іс-қимыл жоспарының болуы;
- 4) жобаны іске асыру үшін қажетті шарттарды сипаттау (жеке, материалдық-техникалық, ақпараттық);
- 5) әлеуметтік мәселелерді шешудегі жаңашыл көзқарас;
- 6) жобалау кезінде заманауи инновациялық технологияларды, нысандарды және әдістерді пайдалану;
- 7) болжамды нәтижелердің сипаттамасы (болжамды нәтижелердің шынайылығы және жобаның болашақтағы дамуы: жергілікті деңгейдегі нақты аудиторияның жоба бойынша сұранысы);
- 8) зерттеудің жаңалығы, жұмыстың практикалық маңыздылығы, автордың жеке үлесі;
- 9) жұмыстың ресімделуі.

**18. Жобаны қорғау ZOOM** платформасында онлайн режимінде жүзеге асырылады.

1) жобаны қорғау кезінде жұмыс авторына 5 минут беріледі, ол төмендегіні ашуы керек:

- жұмыстың мақсаты;
- тақырыптың өзектілігі;
- қойылған мақсатқа жету әдістері;
- нәтижелердің ғылыми және практикалық құндылығы;
- жұмыстың негізгі қорытындылары.

2) жобаны қорғағаннан кейін қазылар алқасының әрбір мүшесі байқау жұмыстарды бағалау өлшемдеріне сәйкес әрбір параметр бойынша ұпайларды қоя отырып, бағалау парағын толтырады.

19. Байқаудың қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары, қатысушылардың сертификаттары, жеңімпаздардың жетекшілеріне алғыс хаттар **2021 жылғы 25 маусымда [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында** орналастырылады.

## **5. Қатысушыларды марапаттау**

20. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды. Жеңімпаздар I, II, III дәрежелі дипломдармен және бағалы сыйлықтармен, ал жеңімпаз командалардың жетекшілері - алғыс хаттармен марапатталады. Байқаудың барлық қатысушыларына сертификаттар табысталады.

21. Байқаудың қашықтық форматында сыйлық жеңімпазға өтінімде көрсетілген мекенжай бойынша Қазпочта арқылы табыс етілгені туралы хабарламамен жіберіледі. Сыйлықты алғаны туралы қабылдау – тапсыру актісі сыйлықпен бірге қоса беріледі.

Алушы сыйлықты алғаннан кейін қабылдау – тапсыру актісіне қол қойып, Т.А.Ә. және телефонын көрсетіп, сыйлықты алғаны туралы құжаттың сканерленген нұсқасын, жеңімпаздың сыйлықпен түскен фотосын gumcdo\_socped2020@bk.ru электронды поштаға кері жібереді.

22. Байқаудың қашықтық форматында дипломдар, алғыс хаттар және сертификаттардың электронды нұсқалары [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында жүктеу мүмкіндігімен орналастырылады.

Анықтама телефоны: 8 (7172) 64-27-31.

1-қосымша

**«Менің Отаным – менің бастамам» республикалық шығармашылық жобалар байқауына қатысуға өтінім**

№	Номинациясы	Жұмыстың аталуы	Орындаушының Т.А.Ж.	Туған жылы	Сыныбы	Білім беру ұйымы, жоба жетекшісі	Тұрғылықты мекенжайы, байланыс телефоны
1	«Өз жылуыңмен бөліс»						
2	«Туған қалаға – игілікті істер»						
3	«Мен – Қазақстанның азаматымын»						
4	«Медиа жобалар»						
5	«Менің кіші Отаным»						
6	«Қазақстанның жеті кереметі»						
7	«Қазақстанның 100 жаңа есімі»						
8	«Жаңғырту полюсі»						



9	«Киіз үй – ғалам моделі»						
---	--------------------------	--	--	--	--	--	--

## **«Қазақстан балалары шексіз әлемде!» балалар киносының республикалық фестивалін өткізу ережелері**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы ереже «Қазақстан балалары шексіз әлемде!» балалар киносының республикалық фестивалінің (бұдан әрі – Фестиваль) мақсатын, міндеттерін, өткізу және қаржыландыру тәртібін анықтайды.

2. Фестивальдің мақсаты: үздік классикалық және заманауи өнер үлгілерін игеру және орындау, дарынды балалар мен жастарды анықтау және қолдау арқылы білім алушылардың тұлғалық рухани мәдениетін қалыптастыру.

3. Фестивальдің міндеттері:

1) балалардың интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін жағдай жасау;

2) өскелең ұрпаққа қызықты болатын сұрақтар мен мәселелерді анықтау;

3) кино және телевидение салаларында шығармашылық дарынды балалар мен жастарды іздеу және қолдау;

4) шығармашылық тұлғаның өз ойын білдіру тәсілдерінің бірі ретінде авторлық фильмдер, жарнамалық роликтер, сюжеттік репортаждар жасау процесін ынталандыру;

5) өнегелі, рухани және отбасылық құндылықтарды экран арқылы насихаттау;

6) балалар мен жасөспірімдер жұмыстарының мәліметтер банкін құру;

7) балалар мен жасөспірімдердің, оның ішінде ауылдық жерлерде тұратын балалардың әлеуметтік және шығармашылық тұрғыда өзін-өзі танытуға ықпал ету;

8) іс-шараларға қатыстыру арқылы қосымша біліммен қамтылған балалар санын арттыру.

4. Республикалық фестиваль қашықтық форматында Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасы бойынша өткізеді.

5. Фестивальді ұйымдастырушылар ұйымдастыру комитеті мен қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.

### **2. Фестивальді ойынды өткізу уақыты мен орны**

6. Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары басшыларының қолы қойылған Фестивальға қатысу туралы өтінім, сондай-ақ <http://www.youtube.com> каналында MP 4 форматында орналастырылған Фестивальдің байқау жұмыстарына сілтемелері **nt\_ekotur@mail.ru** электронды поштасына **2021 жылғы 23 сәуірге дейін** 1-қосымшаға сәйкес қабылданады.

7. Өтінімге мыналар қоса тіркеледі:



1) қатысушылар туралы мәліметтер (Т.А.Ж., туған жылы, сыныбы, курсы, оқу орны және білім беру ұйымының мекен-жайы, телефоны, топ жетекшісінің Т.А.Ж., жұмыс орны, лауазымы, ұялы телефоны);

2) қатысушылардың, топ жетекшісінің жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

8. Фестивальдің қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары, қатысушылардың сертификаттары, жеңімпаздардың жетекшілеріне алғыс хаттар **2021 жылғы 21 мамырда [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында** орналастырылады.

### 3. Фестивальге қатысушылар

9. Фестивальге облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалық кезеңдерінің жеңімпаздары – республиканың жалпы орта, қосымша білім беру ұйымдарының 13-17 жас аралығындағы білім алушылары қатысады.

10. Фестивальдің республикалық кезеңіне облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары кезеңдерінің жеңімпаздары қатарынан құрама командалар қатысады.

11. Фестивальге қатысушылар саны: барлығы 170 адам, әр өңірден келген команда - 10 қатысушыдан: 10 оқушы.

12. Карантин кезіндегі Республикалық Фестивальдің өңірлік кезеңдері санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздік нормаларын, дезинфекциялау, кварцтау, желдету режимін сақтай отырып, адамдардың жаппай жиналуына жол бермей жүргізіледі.

### 4. Фестивальді өткізу тәртібі

13. Республикалық Фестиваль екі кезеңде өткізіледі:

1) бірінші кезең (іріктеу) – Өңірлік:

мектепшілік фестиваль: қаңтар;

аудандық (қалалық) фестиваль: ақпан;

облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалық: наурыз;

2) екінші кезең (қорытынды) – Республикалық Фестиваль: маусым.

14. Республикалық Фестивальдің өңірлік (іріктеу) кезеңін өткізу мерзімдері аудандық (қалалық) білім бөлімдерінің және облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары басшыларының бұйрығымен анықталады.

15. Фестивальге кез-келген жанрдағы және шығармашылық шешімдегі авторлық жұмыстар: дәстүрлі немесе сандық технологиялар көмегімен – бейнекамера, фотокамера және ұялы телефонмен монтаждалып түсірілген 3 минутқа дейінгі қысқа метражды фильмдер (бейнежинақ) қабылданады.

16. Фестиваль келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

1) **Деректі (ойынды емес) кино** – нақты оқиға негізінде алынған, адамдар, жағдайлар туралы шығарма;

2) **Ойынды кино** – операторлық және режиссерлік, актерлік ойындар өнері көмегімен түсірілген сюжетті (ойдан шығарылған немесе нақты оқиға желісі бойынша) шығарма;

3) **STOP-MOTION-видео** – технологиясымен құрылған видео, сюжетті шығарма.

Таңдап алынған видеодан немесе фотокамерадан түсірілген кадрларды тізбектей монтаждалатын ролик;

**4) Өткір әлеуметтік тақырыптық бағыттағы бейнеөнім** – қалың көрермен аудиториясының назарын қоғам мәселелеріне аудару үшін қысқа жарнамалық хабарлама;

**5) Анимациялық кино** – кез-келген мультипликациялық техникада орындалған, компьютерлік немесе тақырыптық қозғалмалы иллюзияны құрайтын шығарма;

**6) Музыкалық клип** – компьютерлік өңдеудің және жаңа видеотехникалық құрылғылардың көмегімен түсірілген авторлық көркемдік концепция видеосы;

**7) Телевизиялық сюжет** – ел өмірі, ішкі және халықаралық саяси оқиғалар және т. б. туралы қысқаша ақпаратты қамтитын кинохрониканың бір түрі;

**8) Киножурнал** – қазіргі өмірді бейнелейтін жеке эпизодтар, көріністер бар қысқа метражды фильм;

**9) Ең үздік операторлық жұмыс.**

**17. Байқау жұмыстары келесі бағалау өлшемдері бойынша бағаланады:**

*1) фильмде тарихи, көркем және мәдени мұраны көрсетудің толықтығы;*

*2) тақырыпты ашу тереңдігі, танымдығы, мәдени құрамдастығы;*

*3) өзектілігі, эмоционалдық әсері;*

*4) режиссерлік және операторлық өнері (түсірілімнің күрделілігі, техникалық сапасы, бейнесуреттің анықтығы және дыбыстың сапасы, монтаждау өнері);*

*5) музыкалық сүйемелдеу;*

*6) сценарийлік жұмыс.*

**18. Байқау жұмыстарының мазмұнына қойылатын талаптар:**

фильмнің мазмұны тақырыпты ашуы;

өмір, жұмыс, балалардың қызығушылықтары, олардың армандары;

салауатты өмір салтын насихаттау;

мейірімділік және қайырымдылық таныту;

ұрпақтар диалогы;

қоршаған орта экологиясы және оны қорғау;

отансүйгіштік қасиеттерді таныту және өз тілін үйренуге қызығушылық;

әлеуметтік мәселелерді шешу идеялары.

**19. Байқау жұмыстарын ресімдеуге қойылатын техникалық талаптар.**

Видеоның форматы: **mp4** (16: 9 көлденең түсірілген видео). Жұмыста видеофильмдерден алынған видео, фото, интервью, блиц-сұрақтар, көркем суреттер, титрлар мен субтитрлар, фрагменттер, музыка, кадр сыртындағы дыбыстар, видеофильмдерден алынған фрагменттерді қолданылады. Жұмыстың қысқаша сипаттамасында немесе титрде фильмде қолданылған материалдардың авторлары көрсетілуі тиіс.

20. Фестивальге бір автор бір фильмнен артық ұсына алмайды. Фестивальға ұсынылған фильмдер қайтарылмайды. Фестивальге ұсынылған фильмнің дыбысталуынан немесе бейнеленуінен ақауы бар материалдар байқауға жіберілмейді.

21. Фильм бөтен авторлық құқықты бұзбауы керек. Фильмде нәсілдік, ұлтаралық, діни ымырасыздық элементтері, азаматтардың құқықтары мен қадір-қасиетін зорлық-зомбылыққа және бұзуға шақырулар болмауы, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмеуі тиіс.

22. Фестивальдің ұйымдастырушылары байқауға қатысқан жұмыстарды бұқаралық ақпарат құралдарында авторды көрсете отырып жариялауға құқылы.

## 5. Қатысушыларды марапаттау

23. Фестивальдің қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды. Жеңімпаздар I, II, III дәрежелі дипломдармен және бағалы сыйлықтармен, ал жеңімпаз командалардың жетекшілері - алғыс хаттармен марапатталады. Фестивальдің барлық қатысушыларына сертификаттар табысталады.

24. Фестивальдің қашықтық форматында сыйлық жеңімпазға өтінімде көрсетілген мекенжай бойынша Қазпошта арқылы табыс етілгені туралы хабарламамен жіберіледі. Сыйлықты алғаны туралы қабылдау – тапсыру актісі сыйлықпен бірге қоса беріледі.

Алушы сыйлықты алғаннан кейін қабылдау – тапсыру актісіне қол қойып, Т.А.Ә. және телефонын көрсетіп, сыйлықты алғаны туралы құжаттың сканерленген нұсқасын, жеңімпаздың сыйлықпен түскен фотосын [nt\\_ekotur@mail.ru](mailto:nt_ekotur@mail.ru) электронды поштаға кері жібереді.

25. Фестиваль қашықтық форматта өткізілсе, дипломдар, алғыс хаттар және сертификаттардың электронды нұсқалары [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында жүктеу мүмкіндігімен орналастырылады.

Анықтама телефоны: 8 (7172) 64-27-24, 87789363406.

1-қосымша

### «Қазақстан балалары шексіз әлемде!» балалар киносының республикалық фестиваліне қатысуға өтінім

№	Номинациясы	Жұмыстың атауы	Орындаушының Т.А.Ж.	Туған жылы, сыныбы	Телефон номері, мекенжайының адресі, эл. поштасы	Білім беру ұйымы, жоба жетекшісі	Жетекшінің тұрғылықты мекенжайы, байланыс телефоны, эл. поштасы
1	«Деректі (ойынды емес) кино»						
2	«Ойынды кино»						
3	«STOP-MOTION-видео»						
4	«Өткір элеуметтік тақырыптық бағыттағы бейнеөнім»						

5	«Анимациялық кино»						
6	«Музыкалық клип»						
7	«Телевизиялық сюжет»						
8	«Киножурнал»						
9	«Ең үздік операторлық жұмыс»						

#### **4. «Табиғатты аяла» жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің республикалық форумын өткізу ережелері**

##### **1. Жалпы ережелер**

1. «Табиғатты аяла» жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің республикалық форумын өткізу ережелері (бұдан әрі – Форум) оның мақсатын, міндеттерін, ұйымдастыру форматын, өткізу тәртібін анықтайды.

2. Форумның мақсаты: білім алушыларды табиғатты қорғау қызметіне тарту, экологиялық мәдениетті және туған өлке табиғатына экологиялық бағдарланған қатынасты тәрбиелеу.

3. Форумның міндеттері:

1) қоршаған ортаны қорғау міндеттерін шешуде олардың кәсіби өзін-өзі анықтауына ықпал етуші, білім алушыларды практикалық қатысуға тарту үшін жағдай жасау;

2) білім алушылардың табиғи және жасанды экожүйелерді зерттеу мен сақтау бойынша қызметіне қызығушылықтарын қолдау;

3) білім алушылар мен педагог қызметкерлер арасында шығармашылық байланысты орнату және жұмыс тәжірибесімен алмасу;

4) еліміздің жас тұрғындарында экологиялық мәдениетті және адамзат алдында тұрған ғаламдық мәселелер тарапынан белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыру;

5) мәдени және табиғи алуантүрлілікті сақтау принципіне сәйкес балаларда бірегей жалпы адамзат құндылықтарын тәрбиелеу;

6) шығармашылық міндеттердің қойылымы үшін қатысушылар тәжірибесін біріктіру, оның іске асырылуы мен шешу кезінде туындайтын қиындықтарын өткеру үшін әдістерді таңдау;

7) балаларды іс-шараларға араластыру арқылы қосымша білім беру жүйесіндегі қамтылуын көтеруге жағдай жасау.

4. Форумды Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасы бойынша **қашықтық форматында** өткізеді.

5. Форумды ұйымдастырушылар Ұйымдастыру комитетінің және әділ қазылар алқасының құрамын қалыптастырады, тікелей өткізуді жүзеге асырады, нәтижелерді талдайды және қорытындысын шығарады.

## 2. Форумды өткізу уақыты мен орны

6. Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары басшыларының қолы қойылған форумға қатысу туралы өтінім, сондай-ақ Форум номинацияларының жұмыстары **nt\_ekotur@mail.ru** электронды поштасына **2021 жылғы 17 мамырға дейін** қабылданады.

7. «Туған өлке тарихы», «Жасыл экономика», «Денсаулық және қоршаған орта» номинациялары қашықтық форматында **ZOOM онлайн-платформасында 2021 жылғы 9-10 маусымда** өткізіледі.

8. Өтінімге мыналар қоса тіркеледі:

1) Форумның облыстық (Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент – қалалық) кезеңдері жеңімпаздарының және топ жетекшісінің Республикалық форумға қатысуы туралы білім басқарма басшысы бұйрығының көшірмесі;

2) қатысушылардың және топ жетекшісінің жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

3) «Экоболашақ», «Жасыл оазистер» номинациялары бойынша <https://www.youtube.com> каналында орналастырылған бейнематериалға сілтеме.

9. Форумның қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары, қатысушылардың сертификаттары, жеңімпаздардың жетекшілеріне алғыс хаттар **2021 жылғы 21 маусымда [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында** орналастырылады.

10. Форумға жіберілген жұмыстар қайтарылмайды. Форумның ұйымдастырушылары авторды көрсете отырып, жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы.

## 3. Форумға қатысушылар

11. Форумға облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалық кезеңдерінің жеңімпаздары – республиканың мектептен тыс қосымша білім беру және жалпы орта білім беру ұйымдарының білім алушылары қатысады.

Қатысушылардың жасы: Форумға қатысу кезінде 14-17 жастағы білім алушылар.

12. Қатысушылардың жалпы саны – 170 адам (10 білім алушы).

## 4. Форумды өткізу тәртібі және шарты

13. Балаларды іс-шараларға араластыру арқылы қосымша білім беру жүйесіндегі қамтылуын арттыру үшін Форум екі кезеңде өткізіледі:

1) бірінші кезең (іріктеу) – өңірлік:

мектепшілік Форум;

аудандық (қалалық) Форум;

облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалық Форум.

2) екінші кезең (қорытынды) – республикалық Форум.

14. Форумның бірінші (іріктеу) кезеңін өткізу мерзімі аудандық (қалалық), облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары басшыларының бұйрықтарымен анықталады.

15. **Қашықтық форматында Форум санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздік нормаларын, дезинфекция, кварцтау, желдету режимін сақтау, адамдардың жаппай жиналуына жол бермеу арқылы немесе қашықтан өткізіледі.**

16. Форум келесі номинациялар бойынша өткізіледі: Ұсыну тілдері: қазақ немесе орыс.

**1. «Туған өлке тарихы» номинациясы** – виртуалды саяхат. Виртуалды 3D панорама: өз өлкесінің көрікті жерлері, табиғаты және қорық аумақтары, табиғат ескерткіштері, табиғат нысандары мен аумақтары туралы виртуалды сапарлармен 3-D форматта (маршруттар, экскурсиялар) таныстыру. Жұмыс бағыты – SketchUp, Blender, Tinkercad.com (2 қатысушы дербес).

**Қашықтық форматта жобаны қорғау ZOOM онлайн-платформада 2021 жылғы 9 маусымда сағат 9.30-13.00-де өткізіледі.**

**2. «Жасыл экономика» номинациясы** - зерттеу жобаларының байқауы мына бағыттар бойынша:

экологияны және қоршаған ортаны жақсарту, жасыл экономика, «жасыл» технологияларды қолдану;

инновациялық «жасыл» жобаларды әзірлеу, енгізу, ынталандыру және насихаттау практикасы (әр түрлі бағыттар бойынша 2 қатысушы).

**Қашықтық форматта Жобаны қорғау ZOOM онлайн-платформада 2021 жылғы 9 маусымда сағат 14.00-18.00-де өткізіледі.**

**3. «Денсаулық және қоршаған орта» номинациясы** - адам денсаулығына қоршаған ортаның әсерін, денсаулық сақтау саласында тәжірибелік қызметті, қоршаған ортаны сақтауға бағытталған экологиялық акциялар мен табиғатты қорғау іс-шараларды көрсететін жобалар байқауы (әртүрлі бағыттар бойынша 2 қатысушы).

Зерттеу жобаларын қорғау байқауларына реферат (баяндама) сипатындағы жұмыстар жіберілмейді.

Қойылатын талаптар: таңдалған тақырыптың өзектілігі мен мазмұны, аталған зерттеу жұмысына қосар практикалық үлесі жөнінде қысқаша сипаттама беріледі.

**Қашықтық форматта жобаны қорғау ZOOM онлайн-платформада 2021 жылғы 10 маусымда сағат 9.30-13.00-де өткізіледі.**

Жобаны қорғау уақыты - көрсететін материалды (макеттер, үлгілер, видео және т.б.) қолдануымен **7 минуттан аспауы тиіс**. Жобаны қорғау кезінде жұмыстың авторына 7 минут беріледі, ол осы уақытта:

- жұмыстың мақсатын;
- тақырыптың өзектілігін;
- қойылған мақсатқа жету әдістерін;
- нәтижелердің ғылыми және практикалық құндылығын;
- жұмыстың негізгі қорытындыларын айтуы қажет.

Жобаны қорғағаннан кейін қазылар алқасының әрбір мүшесі бағалау парағын толтырады, байқау жұмыстарын бағалау өлшемдеріне сәйкес әрбір параметр бойынша балл қояды.

**Бағалау өлшемдері:**

зерттелетін мәселелердің өзектілігі мен жаңашылдығы;



жүргізілген зерттеулердің деңгейі мен көлемі;  
қойылған міндеттердің орындалу нәтижесі;  
жұмыстың практикалық маңызы;  
автордың қосқан жеке үлесі;  
сөйлеу шеберлігі.

**4. «Экоболашақ» номинациясы** – көркейту, көгалдандыру бойынша жүргізілген экологиялық жұмыстар, өткізілген экологиялық акциялар, жылыжай, мектеп жанындағы оқу-тәжірибелік телімдер, мектеп орман шаруашылығы, бойынша видеороликтер презентациясы (1 қатысушы). Презентация ұзақтығы – 5 минуттан аспауы тиіс.

Қашықтық форматында байқауға <http://www.youtube.com> каналында орналастырылған бейнематериалға сілтеме **nt\_ekotur@mail.ru** электронды поштасына қабылданады.

Видеороликте аталған сұраққа стандартты емес тәсілмен қарауға, түсірілім, анимация және компьютерлік графика тәрізді визуалды ұсыну тәсілдерін, музыкалық және дыбыстық сүйемелдеуді қолдануға болады.

**Бағалау өлшемдері:**

стилистикалық шешім;  
практикалық қолданылымы;  
жасампаздығы;  
әлеуметтік маңыздылығы;  
видеоматериал сапасы.

**5. «Жасыл оазистер» номинациясы** – экодизайнерлер байқауы (1 қатысушы).

Байқау жұмысы еркін стилде флористика ережесіне сәйкес табиғи өсімдік материалдан жасалады. Композиция өлшемі 50x50 см-ден артық емес. Инертті материал (20%-дан артық емес) қолданылуы мүмкін. Демонстрациялық материалдарды (макеттер, модельдер, бейнелер және т.б.) қолдана отырып, 5 минуттан аспайтын жұмысты қорғау.

Қашықтық форматында байқауға <http://www.youtube.com> каналында орналастырылған бейнематериалға сілтеме **nt\_ekotur@mail.ru** электронды поштаға қабылданады.

**6. «Жеңіс мамыры» номинациясы** - панно немесе коллаж байқауы (1 қатысушы).

Бұл номинацияда флористикалық панно немесе коллаж түріндегі туған қаланың, ауылдың (елді мекеннің) сұлулығын көрсететін байқау жұмысы ұсынылады. Жұмыста гүл жапырақтарынан, гүлдерден флористикалық кескіндеме техникасында орындалған қаланың танымал объектісі бейнеленуі тиіс. Байқау жұмысының көлемі – 40 x 60 см.

Байқауға қатысуға кез келген техникада, оның ішінде аралас, кез келген материалдан, кез келген құралмен (пластилин, табиғи материалдар және т.б.) орындалған панно немесе коллаж фотосуреттері қабылданады.

Барлық номинациялар бойынша жұмыстар түпнұсқаны сканерлеу немесе фотоға түсіру жолымен немесе компьютерлік графикалық редактордың көмегімен орындалған электрондық көшірмелер (графикалық файлдар) түрінде қабылданады. Жұмыстың оң жақ төменгі бұрышында автордың анық оқылатын қолы: аты, тегі, жасы болуы тиіс.

Файл параметрлері: jpg немесе png форматы. Қосымша материал ретінде жұмыс жасау процесін көрсететін фотосуреттер ұсынылады. Міндетті түрде: жұмыстың атауы, орындау техникасы, қажет болған жағдайда – мазмұнын түсіндіру.

Қашықтық форматында байқау жұмыстары электронды түрде [nt\\_ekotur@mail.ru](mailto:nt_ekotur@mail.ru) электронды поштасы бойынша қабылданады.

**Бағалау өлшемдері:**

идеясы;

композициясы;

орындау техникасы;

жасампаздығы;

практикада қолданудың шынайылығы.

17. Әр номинацияға қатысу міндетті. Бір қатысушы бір жобадан ұсынады.

**5. Форумның қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау**

18. Кәсіби қазылар алқасы байқау жұмыстарын 10 балдық жүйе бойынша Форумның бағалау өлшемдеріне сәйкес бағалайды. Қазылар алқасының шешімі түпкілікті және хаттамамен ресімделеді.

19. Форумның қорытындысы бойынша қазылар алқасының мүшелері жеңімпаздарды анықтайды. Жеңімпаздар I, II, III дәрежедегі дипломдармен және сыйлықтармен, ал жеңімпаздардың жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады. Барлық қатысушыларға Форумға қатысқаны туралы сертификаттар беріледі.

**Қашықтық форматында сыйлық жеңімпазға өтінімде көрсетілген мекенжай бойынша Қазпочта арқылы табыс етілгені туралы хабарламамен жіберіледі. Сыйлықты алғаны туралы қабылдау-тапсыру актісі сыйлықпен бірге қоса беріледі.**

Алушы сыйлықты алғаннан кейін қабылдау-тапсыру актісіне қол қойып, Т.А.Ә. және телефонын көрсетіп сыйлықты алғаны туралы құжаттың сканерленген нұсқасын немесе фотосын, жеңімпаздың сыйлықпен түскен фотосын [nt\\_ekotur@mail.ru](mailto:nt_ekotur@mail.ru) электронды поштасы арқылы кері жібереді.

20. Қашықтық форматында дипломдар, алғыс хаттар және сертификаттардың электронды нұсқалары [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында жүктеу мүмкіндігімен орналастырылады.

Анықтама телефоны: 8 (7172) 64-27-24, 87789363406.

1-қосымша

«Табиғатты аяла» жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің республикалық форумына қатысуға өтінім

Номинация	Жұмыстың атауы	Орындаушының Т.А.Ә.	Туған жылы, сыныбы	Телефон номері, мекенжайының адресі, эл. поштасы	Білім беру ұйымы, жоба жетекшісі	Жетекшінің тұрғылықты мекенжайы, байланыс телефоны, эл.
-----------	----------------	---------------------	--------------------	--	----------------------------------	---

						ПОШТАСЫ
«Туған өлке тарихы»						
«Жасыл экономика»						
«Денсаулық және қоршаған орта»						
«Экоболашақ»						
«Жасыл оазистер»						
«Жеңіс мамыры»						

Топ жетекшісі: (Т.А.Ж., жұмыс орны, лауазымы, ұялы телефоны) \_\_\_\_\_  
 \_\_\_\_\_ облысы  
 Білім басқармасының басшысы \_\_\_\_\_ Т.А.Ж.  
 (қолы)

## **5. «Алтын қазына» көркем және сәндік-қолданбалы өнер бойынша балалар шығармашылығының республикалық көрме-байқауын өткізу ережелері**

### **1. Жалпы ережелер**

1. «Алтын қазына» көркем және сәндік-қолданбалы өнер бойынша балалар шығармашылығының республикалық көрме-байқауын өткізу ережелері (бұдан әрі – Көрме-байқау) оның мақсатын, міндеттерін, ұйымдастыру форматын және өткізу тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты: білім алушылардың көркем, шығармашылық қабілеттерін дамыту, тәрбие беру және тұлғаны әрі қарай үйлесімді дамыту бойынша жүйелі және мақсатты қызмет жүргізуге жағдай жасау, рухани-адамгершілік және мәдени құндылықтарға араластыру.

3. Міндеттері:

1) білім алушыларды көркем өнерге, тарихи мұраға араластыру, оларды белсенді шығармашылық қызметке тарту, оларды әлеуметтендіру;

2) бала тұлғасының шығармашылығын, оның әлемді эмоциямен қабылдаудағы эстетикалық сезімін дамыту;

3) балалар шығармашылығының көркем және қолданбалы-сәндік өнеріне деген қызығушылықтарын дамыту;

4) заманауи сәндік-қолданбалы өнердегі халық дәстүрін сақтау және елдің мәдени-тарихи мұрасын арттыру;

5) балалардың бойында отансүйгіштік сезімін, Қазақстан Республикасында тұратын халықтардың ұлттық мәдениетіне, халықтық дәстүрлеріне, халықтардың салтына деген құрмет және ұқыпты көзқарасты тәрбиелеу;

6) шығармашылықпен жұмыс істейтін педагог жұмысшыларды ақпараттық қолдау, ұжымдар арасындағы шығармашылық байланыстарды кеңейту және қолданбалы-сәндік өнері саласында балалармен жұмыс жүргізу үшін білім беру ұйымдарының педагогтері арасында тәжірибе алмасу;

7) балаларды іс-шараларға араластыру арқылы оларды қосымша білім берумен қамтуды кеңейтуге ықпал ету.

4. Көрме-байқау Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасы бойынша **қашықтық форматта** өткізеді.

5. Көрме-байқауды ұйымдастырушылар Ұйымдастыру комитетінің және әділ қазылар алқасының құрамын қалыптастырады, өткізуді тікелей жүзеге асырады, нәтижелерді талдайды және қорытындысын шығарады.

## 2. Көрме-байқауды өткізу уақыты мен орны

6. Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары басшыларының қолы қойылған байқауға қатысу туралы өтінім, сондай-ақ Көрме-байқаудың жұмыстары **nt\_ekotur@mail.ru** электронды поштасына **2021 жылғы 30 сәуірге дейін** қабылданады.

7. Өтінімге мыналар қоса тіркеледі:

1) Көрме-байқаудың облыстық (Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент – қалалық) кезеңдері жеңімпаздарының және топ жетекшісінің Көрме-байқауға қатысуы туралы білім басқарма басшысы бұйрығының көшірмесі;

2) қатысушылардың және топ жетекшісінің жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

3) қашықтық форматында электрондық нұсқадағы байқау жұмыстары.

8. Қашықтық форматта Көрме-байқаудың қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары, қатысушылардың сертификаттары, жеңімпаздардың жетекшілеріне алғыс хаттар **2021 жылғы 31 мамырда www.ziyatker.org сайтында** орналастырылады.

9. Көрме-байқауға жіберілген жұмыстар қайтарылмайды. Көрме-байқаудың ұйымдастырушылары авторды көрсете отырып, жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы.

## 3. Көрме-байқау қатысушылары

10. Көрме-байқауға облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалық кезеңдерінің жеңімпаздары – республиканың қосымша білім беру мектептен тыс және жалпы орта білім беру ұйымдарының білім алушылары қатысады.

Қатысушылардың жасы: 11-17 жас аралығындағы білім алушылар.

11. Қатысушылардың жалпы саны – **136 адам (8 білім алушы).**

#### 4. Көрме-байқауды өткізу тәртібі.

12. Балаларды іс-шараларға қатыстыру арқылы көркем, сәндік-қолданбалы шығармашылықты дәріптеу, балаларды қосымша біліммен қамтуды арттыру үшін Көрме-байқау екі кезеңде өткізіледі.

1) бірінші кезең (іріктеу) – өңірлік:

мектепшілік Көрме-байқау;

аудандық (қалалық) Көрме-байқау;

облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалық Көрме-байқау.

2) екінші кезең (қорытынды) – республикалық Көрме-байқау.

13. Көрме-байқаудың бірінші (іріктеу) кезеңін өткізу мерзімі аудандық (қалалық), облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары басшыларының бұйрықтарымен анықталады.

**14. Карантин кезінде Көрме-байқау санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздік нормаларын, дезинфекция, кварцтау, желдету режимін сақтау, адамдардың жаппай жиналуына жол бермеу арқылы немесе қашықтан өткізіледі.**

15. Көрме-байқауға авторлық (жеке) туындылардың әр түрлі жанрдағы, техникадағы және материалдағы фотосуреттері қабылданады: әр қатысушыдан әр номинацияға 5 жұмыстан қабылданады (бір бала бір номинацияға қатысады):

1) *тоқыма бұйымдарын дайындау: гобелен, кестелеу, бисер, батик, киіз басу, құрақ пластикасы;*

2) *ағашты, сүйекті, теріні көркемдеп өңдеу: көлемді және тегіс кесу, ағашқа сәндеп жазу, қайың қабығынан жасалған бұйымдар, инкрустация (сүйек, металл, ағаш);*

3) *шыныны көркемдеп өңдеу: витраж;*

4) *металлды көркемдеп өңдеу: зергерлік бұйымдар, шағын формалардың мүсіні, бедер салу, соғу;*

5) *ағаштан, тастан, саздан (қыш саз), сабан, тоқымадан шағын формадағы мүсіндерді жасау;*

6) *ұлттық ою-өрнегі бар халықтық киімдерінің үлгісін жасау;*

7) *қағаздан бұйымдар жасау: оригами, аппликация, квиллинг, папье-маше.*

Қашықтық форматында барлық номинациялар бойынша жұмыстар түпнұсқаны сканерлеу немесе фотоға түсіру жолымен немесе компьютерлік графикалық редактордың көмегімен орындалған электрондық көшірмелер (графикалық файлдар) түрінде қабылданады.

Файл параметрлері: jpg немесе png форматы. Қосымша материал ретінде жұмыс жасау процесін көрсететін фотосуреттер ұсынылады. Міндетті түрде: жұмыстың атауы, орындау техникасы, қажет болған жағдайда – мазмұнын түсіндіру.

16. Бағалау өлшемдері:

жұмыстың Көрме-байқау номинациясына сәйкестігі;

ұлттық дәстүрлерді сақтау және қолдану;

жұмыстың орындалу сапасы және көркемдік деңгейі;

ерекшелігі;

бұйымның стильдік, көркемдік және образдың шешімінің тұтастығы;

фотоның сапасы және анықтығы.

17. Жұмыстардың ілеспе заттаңбасы (этикеткасы) болуы тиіс: жұмыстың аталуы, автордың тегі, аты, жасы, орындау техникасы, білім беру ұйымының аталуы. Ілеспе

заттаңбасының анық фотосын қоса тіркеу қажет.

## 5. Көрме-байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау

18. Кәсіби қазылар алқасы Көрме-байқау жұмыстарын 10 балдық жүйе бойынша байқаудың бағалау өлшемдеріне сәйкес бағалайды. Қазылар алқасының шешімі түпкілікті және хаттамамен ресімделеді.

19. Көрме-байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасының мүшелері жеңімпаздарды анықтайды. Жеңімпаздар I, II, III дәрежедегі дипломдар және сыйлықтармен, ал жеңімпаздардың жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады. Барлық қатысушыларға Көрме-байқауға қатысқаны туралы сертификаттар беріледі.

**Қашықтық форматында сыйлық жеңімпазға өтінімде көрсетілген мекенжай бойынша Қазпочта арқылы табыс етілгені туралы хабарламамен жіберіледі. Сыйлықты алғаны туралы қабылдау-тапсыру актісі сыйлықпен бірге қоса беріледі.**

Алушы сыйлықты алғаннан кейін қабылдау-тапсыру актісіне қол қойып, Т.А.Ө. және телефонын көрсетіп сыйлықты алғаны туралы құжаттың сканерленген нұсқасын немесе фотосын, жеңімпаздың сыйлықпен фотосын **nt\_ekotur@mail.ru** электронды поштасы арқылы кері жібереді.

20. Қашықтық форматта дипломдар, алғыс хаттар және сертификаттардың электронды нұсқалары **www.ziyatker.org** сайтында жүктеу мүмкіндігімен орналастырылады.

Анықтама телефоны: 8 (7172) 64-27-24, 87023588696.

1-қосымша

«Алтын қазына» көркем және сәндік-қолданбалы өнер бойынша балалар шығармашылығының республикалық көрме-байқауына қатысуға өтінім

Номинация	Жұмыстың аталуы	Орындаушының Т.А.Ж.	Туған жылы, сыныбы	Телефон номері, мекенжайының адресі, эл. поштасы	Білім беру ұйымы, жоба жетекшісі	Жетекшінің тұрғылықты мекенжайы, байланыс телефоны, эл. поштасы
Тоқыма бұйымдарын дайындау: гобелен, кестелеу, батик, киіз басу, құрақ пластикасы						
Ағашты, сүйекті, теріні көркемдеп өңдеу: көлемді және тегіс кесу, ағашқа сәндеп жазу, қайың						



қабығынан жасалған бұйымдар, инкрустация (сүйек, металл, ағаш)						
Шыныны көркемдеп өңдеу: витраж						
Металлды көркемдеп өңдеу: зергерлік бұйымдар, шағын формалардың мүсіні, бедер салу, соғу; ағаштан, тастан, саздан (қыш саз), сабан, тоқымадан шағын формадағы мүсіндерді жасау						
Ұлттық ою-өрнегі бар халықтық киімдерінің үлгісін жасау						
Қағаздан бұйымдар жасау: оригами, аппликация, квиллинг, папье-маше						

